Монополиялық нарықтардағы «тарифті инвестицияларға айырбастау» жаңа тарифтік саясаты инфрақұрылымның тозу проблемасын шешуге көмектесетіні бәрімізге әйгілі. Алайда бұл өз кезегінде тарифті көтеріп, бағаның шарықтауына әкелетінін біз жақсы түсінеміз.

Құрметті Әлібек Сәкенұлы, атаулы әлеуметтік көмек алушыларға көмек көрсету бойынша қандай шаралар қабылдайсыздар? Сіздер атаулы әлеуметтік көмек алушылар үшін осындай көрсетілетін қызметтерді алуды цифрландырып, барынша жеңілдетуді қалай жоспарлап отырсыздар?

ТӨРАҒА. Ұлттық экономика министрі.

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті Берік Тұрсынбекұлы! Әлеуметтік төлемдер осал топтағы азаматтар үшін өте маңызды көмек болып табылады, әсіресе тарифтерге түзету жасаған кезде. Қазіргі таңда біз «Тарифті инвестицияға

айырбастау» бағдарламасын жүзеге асырып жатырмыз. Биыл осы көмекке сұраныс көбірек болуы мүмкін.

Өтемақылар жөнінде. Біз былтыр Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігімен бірлесіп ауқымды жұмысты жүргіздік. Төлемақылар бойынша әр шаруашылықтың кірістеріне және шығыстарына қарап жатырмыз. Сол шығыстардың үлесі, мысалы, 2022 жылға дейін 20 пайыз болса, былтыр біз оны 10 пайызға дейін төмендеттік. Ол алушылардың шеңберін кеңейтті. Былтыр 53 мыңнан астам отбасы 2 миллиард теңгеге осындай көмек алған. Ал газдандырылған өңірлерде газ алушылар 20 пайыз жеңілдікпен газ алады. Былтыр 23 мыңнан астам отбасы осындай жеңілдікпен газ алған.

Цифрландыруға келсек, бұл мәселе бойынша Индустрия және инфрақұрылымдық даму, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрліктері әкімдіктермен бірге жұмыс жасап жатыр. Атаулы әлеуметтік көмек алатын, өтемақы алатын отбасылар, жеке тұлғалар енді Отбасының цифрлық картасы арқылы төлем алуға мүмкіндік алады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Жауапқа қанағаттандыңыз ба? Депутат Бейсенғалиев.

БЕЙСЕНҒАЛИЕВ Б.Т. Қазақстан бойынша атаулы әлеуметтік көмекті қанша отбасы алады? Сол бойынша сіздерде ақпарат бар ма? Мысалы, оларға бір жылда қанша қаражат бөлінетіні туралы сіздерде есеп бар ма?

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. Берік Тұрсынбекұлы, атаулы әлеуметтік көмек алушылардың саны бойынша бізде ақпарат жоқ, ол Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің құзыретінде. Бірақ мен бір мәселені айта кетейін, бұл төлемақы тек өтінім бергендерге ғана беріледі. Кейбір осал топтағы адамдар өтінім бермейді, мүмкін, оларға төлемақы қажет емес шығар. Бірақ былтыр 53 мыңнан астам отбасыға осындай коммуналдық қызметтер бойынша төлемақы берілді. Енді биыл тарифтерге корректировка жасағанда оның саны өсуі мүмкін. Бұл төлемақыны әкімдіктер төлейді. Оған бюджеттен қаражатты әкімдіктер қарастыруы керек.

ТӨРАҒА. Жақсы. Рақмет.

Депутат Садықов Асқар Аманбайұлы.

САДЫҚОВ А.А. Рақмет, Төраға.

Менің сұрағым «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорына.

Қордың құрамында «KEGOC» акционерлік қоғамы маңызды актив болып табылады.

Елдегі энергия тапшылығы жағдайында «KEGOC» компаниясы қызметінің тиімділігі сыни мәнге ие болып отыр.

Сонымен қатар желілердің тозуы іс жүзінде 70 пайызға жетеді, ал Батыс Қазақстанның электр желілері елдің біртұтас электр энергетикалық жүйесінен оқшауланған күйінде қалып отыр. Ал бүгінгі күні батыс аймақтың жүйе құраушы желісі өз мүмкіндіктері шегінде жұмыс істеп жатыр.

Құрметті Нұрлан Қаршығаұлы, «KEGOC» компаниясы бұл мәселелерді қашан және қалай шешеді?

ЖАҚЫПОВ Н.Қ. Сұрағыңызға рақмет.

Бұл өте маңызды мәселе. Бұл мәселе біздің бақылауымызда. Тиісті жұмыс жүргізілуде.

«KEGOC» жүйелерін нығайту жұмыстары бойынша жылдың аяғына дейін жұмыстарды бітіреміз. Бұл жоба үшін біз 54 миллиард қаражат бөлдік. Сол жоба бойынша 770 километр желі саламыз. 220 киловольттік бес подстанцияны нығайтамыз. Бұл шаралар жүйеге деген сенімділікті екі есеге арттырады.

Екінші қадамға келсек, біз Батыс Қазақстан жүйесін Қазақстанның жалпы желісімен қосамыз, яғни 600 километр желі саламыз. Бұл жобаны біз 2028 жылға дейін аяқтайтын боламыз.

ТӨРАҒА. Депутат Смағұлов Бауржан Әміржанұлы.

СМАҒҰЛОВ Б.Ә. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым Ұлттық экономика министріне.

Уважаемый Алибек Сакенович! Результаты проведенного аудита эффективности управления в сфере теплоснабжения свидетельствуют о необходимости принятия действенных мер для улучшения ситуации.

Как было отмечено в докладе, 76 процентов ТЭЦ имеют срок службы более 50 лет, соответственно, количество аварийных остановок увеличивается.

Другая озвученная проблема – это сверхнормативные потери тепла. Согласно предоставленным данным, за два года потери тепла составили более 369 тысяч гигакалорий, или 14 миллиардов тенге в денежном выражении.

Сегодня низкая приборизация и отсутствие четких правовых актов влияют на получение достоверной информации, а информация из автоматизированных систем учета и контроля энергоресурсов недостоверна.

С учетом изложенного, уважаемый Алибек Сакенович, я хотел бы узнать о планах по интеграции автоматизированных систем учета электроэнергии, воды и тепла субъектов естественных монополий с государственными информационными системами. Рақмет.

ТӨРАҒА. Ұлттық экономика министрі.

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. Құрметті Ерлан Жақанұлы, құрметті Бауржан Әміржанұлы! Вопрос приборизации очень важный, мы его постоянно поднимаем. Приборизация в теплоэнергетике позволит более тщательно отслеживать вопросы потери и экономии тепла.

К сожалению, у нас уровень приборизации в теплоснабжении составляет в среднем 74 процента, рекордсменом является Западно-Казахстанская область, где 98 процентов обеспеченности. Есть регионы, где приборизация составляет 30 процентов. Конечно, акиматам совместно с отраслевыми государственными органами данную работу надо активно продолжать.

Что касается интеграции, то по линии МНЭ, Комитета по регулированию естественных монополий мы все практически автоматизировали. У нас уже работает система управления рисками, хотя она официально должна начать работать с 2024 года, которая назначает проверки в автоматическом режиме (без человеческого участия).

Что касается тарифообразования, то все субъекты естественных монополий, которые подпадают под наше регулирование, подают заявки в электронном виде в базу «е-монополист». Здесь мы тоже минимизировали соприкосновение сотрудников КРЕМ с субъектами естественных монополий. Кроме того, закупки данными субъектами проводятся через автоматизированную систему, то есть все это прозрачно, за исключением закупок, которые относятся к группе «Самрук-Казына», потому что у них свой закон, и закупок отдельных коммунальных предприятий.

Что касается интеграции. Уже с девятью интеграционными системами, в том числе с системами НПП «Атамекен», интеграция произошла. Мы продолжаем работу, чтобы дополнительная информация (технические характеристики, уровень изношенности, километраж, вся аналитика) по всем сетям отражалась с 1 июля текущего года.

Хочу отметить еще один момент. Помимо активной цифровизации, которая проводится нашим министерством, мы также проводим общественные слушания, о которых говорила Наталья Николаевна, где есть возможность заранее (за год, за полгода) обсудить тарифы. Это нужно делать как до, так и после корректировки тарифов. Спасибо.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, Регламент бойынша сұрақ-жауап рәсіміне бір сағат уақыт беріледі. Бір сағаттан асты. Сұрақ беруді жалғастырамыз ба, әлде тоқтатамыз ба?

ОРНЫНАН. Жалғастырайық.

ТӨРАҒА. Сұрақ қоюға тағы 18 әріптесіміз жазылыпты. Барлығы бірдей сұрақ беріп үлгермес, дегенмен мәселенің өзектілігіне байланысты сұрақ қоюға қосымша тағы 40 минут беріледі. Келістік пе?

ОРНЫНАН. Келістік.

ТӨРАҒА. Сұрақтар да, жауаптар да қысқа әрі нақты болсын.
Депутат Аймағамбетов Асхат Қанатұлы.

АЙМАҒАМБЕТОВ А.Қ. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Осы айтылып отырған проблемалардың басты себептерінің бірі – мемлекеттік бақылаудың тиімсіздігі, әлсіздігі. Оның үстіне бүгінгі күні бізде қоғамдық бақылау да шектеулі.

Бізде мемлекеттік энергия бақылаушы орган бар, бірақ оларда тексеру бойынша, алдын алу бойынша ешқандай құзыреттілік жоқ. Неге? Өйткені Кәсіпкерлік кодекстегі нормалар монополистерді тексерістен қорғайды. Энергия бақылаушы орган оларды тексере алмайды, қолдары байлаулы. Тексеру үшін алдын ала тіркелуі керек, энергиямен

жабдықтаушы ұйымдарға алдын ала айтуы керек, олар «проверочный лист» дегеннен шыға алмайды. Сондықтан осы мәселені қарау керек деп ойлаймын.

Сонымен қатар тарифтердің қалай жұмсалып жатқаны да бақылаусыз. Халық ақша төлейді, бірақ ол ақша инвестиция ретінде жұмсалып жатқанына да қоғамдық бақылау жоқ. Осыған орай мен заң жобасына үш түзету енгіздім.

Біріншіден, энергия бақылауды Кәсіпкерлік кодекстен шығару керек. Оларға тексеру үшін жеткілікті мүмкіндіктер берілу керек деп санаймын.

Екіншіден, тарифтердің, яғни біздің төлемдердің жұмсалуды бойынша қоғамдық бақылау үшін арнайы цифрлық платформаны енгізу туралы норма керек.

Үшіншіден, бізде энергияны сататын делдалдар бар, осы делдалдарды жою немесе оларды шектеу туралы норма енгізілу керек.

Осы үш норма бойынша екі министрлік өздерінің позицияларын айтсын. Осы үш норманы олар қолдай ма, қолдамай ма? Оларды Үкіметтің қорытындысына жібергенде бізге ақпараттар керек болады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Жақсы.

Энергетика министрі, қысқа ғана айтыңыз, қолдайсыздар ма, қолдамайсыздар ма?

СӨТҚАЛИЕВ А.М. Біз қолдаймыз. Бақылау функцияларын көрсету қажет екені сөзсіз. Более того, мы полностью разработали текст поправки, которую мы предлагаем в законодательство, об исключении функции проверок из Предпринимательского кодекса, которые будут осуществляться непосредственно органами государственного энерго- и атомного надзора.

Также предусматриваются усиление органов энергонадзора на 70 человек и двухразовые проверки.

Что касается цифровой платформы контроля за ремонтом и техническим состоянием, то данная работа уже начата министерством. Мы в установленном порядке будем информировать о динамике проводимых работ.

ТӨРАҒА. Ұлттық экономика министрі.

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. Бақылау туралы мен айтып кеттім. Біз қоғамдық пікірсайыстарды жүргіземіз, оған қоғам өкілдері қатысады, оның ішінде мәслихат депутаттары, сарапшылар, әкімдік өкілдері және жеке тұлғалар бар.

Біз бұл ақпаратты «Е-монополист» деген ақпараттық жүйеге қосамыз. Онда барлық ақпарат бар. Барлық қоғамдық тыңдаулар тікелей эфирде көрсетіледі.

Цифрландыру бойынша мен айтып кеттім.

Энергиямен жабдықтаушы ұйымдары бойынша біз қолдаймыз. Осы аралық құрылымды жою немесе оны шектеу мүмкін деп санаймыз, себебі оның тиімділігі жоғары емес.

Тексеру бойынша. Кәсіпкерлік кодекс бойынша, мысалы, субъектілерге айыппұл салып, әкімшілік жауапкершілікке тартуға бізде мүмкіндік бар, шектеу де бар. Қазір тексерулерге мораторий енгізілген. 2024 жылдан бастап бізде автоматтандырылған

тәуекелдерді басқару жүйесі енгізіледі. Сондай-ақ Кәсіпкерлік кодекске сәйкес Табиғи монополияларды реттеу комитеті және басқа да реттеуші органдар осындай алаңдарға, субъектілерге барып тексеруге мүмкіндіктері болады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Сонымен депутаттың ұсынысын қолдайсыз ғой?

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. Иә, қолдаймыз.

ТӨРАҒА. Депутат Рақымжанов Асхат Нұрмағамбетұлы.

РАҚЫМЖАНОВ А.Н. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Мой вопрос адресован Министру национальной экономики

В отчете Высшей аудиторской палаты и в выступлении Натальи Николаевны красной нитью проходит мысль, что нет системного подхода к развитию отрасли теплоэнергетики, как результат (или как следствие) – привлекаются гранты Всемирного Банка для проведения анализа, исследований, изучения тарифной политики Казахстана.

Для чего тогда нам такие огромные армии чиновников? Наши специалисты без помощи международных финансовых институтов не могут провести качественный анализ тарифной политики? Или это делается просто для привлечения средств? Единственное, что наши чиновники могут делать (и с успехом это делают), – привлекать средства, а потом отмывать их. И сегодня Наталья Николаевна, говоря об откатах, говорит об этом, как о чем-то закономерном.

У меня в связи с этим два простых вопроса: почему привлекаются эти гранты; кто будет исполнять работу по изучению тарифной политики, кто будет делать эти исследования? Спасибо.

ТӨРАҒА. Прошу включить микрофон Министра национальной экономики.

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті Асхат Нұрмағамбетұлы! Во-первых, гранты нам все-таки нужны, здесь я с Вами не соглашусь. Почему? В своем отчете Наталья Николаевна тоже предложила, что нам все-таки нужно смотреть международный опыт, лучшие мировые практики. И лучше обратиться в один орган, чем искать по всем странам. Всемирный Банк за месяц вытащит наилучшие практики всех членов своего банка. Это все очень просто.

Что касается отмывания денег. Какое здесь может быть отмывание денег, если мы говорим про грант, который будет помогать нам развивать теплоэнергетику, правильно считать тарифы? Когда мы устанавливаем тарифы, важно правильно отслеживать реализацию инвестпрограмм. Здесь ответственность субъектов естественных монополий, которым данный тариф дается. Мы все видим, что с прошлого года полностью автоматизирована система контроля и приема документов, закупок субъектов естественных монополий.

Что касается армии чиновников. У нас территориальный департамент состоит из 8-9 человек в среднем. Очень сложно контролировать. Плюс еще другая работа добавляется.

Я думаю, здесь дополнительная помощь не помешает. Работа государственными органами, конечно, будет дальше проводиться. Спасибо.

ТӨРАҒА. Депутат Нұрымова Гүлдара Алданышқызы.

НҰРЫМОВА Г.А. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым Энергетика министрі Алмасадам Майданұлына.

Өкінішке қарай, Қазақстанда жылу энергетикасының бүгінгі жағдайы түрлі факторларға байланысты өте нашар. 2023 – 2024 жылдардағы күзгі-қысқы кезеңге дайындық шаралары қаншалықты жүйелі жасалып жатыр? Екібастұз жағдайы әлі күнге алаңдатады.

Бұған дейін энергия және жылу өндіруші ұйымдардың қолданыстағы активтерін қайта құруға, жаңғыртуға және кеңейтуге мүмкіндік беретін және еліміздегі үлкен проблема – жоғары тозуды төмендету мақсатында «Инвестицияларға айырбастау тарифі» бағдарламасы қабылдана ма? Және ол қаншалықты тиімді? Рақмет.

ТӨРАҒА. Энергетика министрі.

СӨТҚАЛИЕВ А.М. Сұрағыңызға рақмет.

«Инвестицияларға айырбастау тарифі» бағдарламасы қабылданды, тиісті Жол картасы шеңберінде іске асырылуда.

Министрліктің алдына қойылған негізгі міндет – станциялардың тозу деңгейін 15 пайызға төмендету.

Сейчас мы по данной программе лимит увеличили до 428 миллиардов тенге, что дало возможность дополнительно к существующим восьми проектам, которые на контроле министерства, добавить еще. Это турбоагрегат Атырауской ТЭЦ, энергоблок Экибастузской ГРЭС-1, котлоагрегаты в Усть-Каменогорске, Риддере, «Караганда Энергоцентре», три газотурбины «Batys Power», генерирующее оборудование «Sagat Energy», котлоагрегат №2 Петропавловской ТЭЦ, Павлодар, Кызылорда, теплоэлектроцентр Актобинской ТЭЦ, Степногорск, Шардара, также парогазовые установки в Кызылорде, Туркестанской области. Дополнительно мы 13 проектов включаем, которые будут финансироваться за счет тарифа. Это «Алматинские электрические станции», расширение Капчагайской ГЭС, инвестиционная программа модернизации Экибастузской ГРЭС-2, инвестиционная программа «Модернизация ТЭЦ-2 Текели», энергокомплекс (два этапа) «Кентау сервис», «Казахмыс Энерджи», Жезказганская ТЭЦ. В целом это те проекты, которые конкретно уже определены, по которым министерство будет осуществлять контроль.

С учетом того, что еще по рынку мощности мы тариф до 1,5 миллиона тенге поднимем, 202 миллиарда инвестиций в ближайшее время будет направлено в электроэнергетическую отрасль, что существенно улучшит надежность теплоснабжения. Особенно мы отмечаем энергогенерирующее и теплопроизводящее оборудование, износ по которому достаточно существенный. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Сатыбалдин Ерболат Жалғасбайұлы.

САТЫБАЛДИН Е.Ж. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым Энергетика министріне.

Құрметті Алмасадам Майданұлы! Қазақстан Республикасының электр энергетика саласын дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасымен таныстық. Өкінішке қарай, тұжырымдама елдің жылу энергетикасын дамытудың кешенді жүйелі тәсілін және жылумен жабдықтау саласының бірыңғай мемлекеттік саясатын толық көлемде көре алмадық.

Бұл құжат 2024 жылдың соңына дейін өңірдегі жылу энергетикасын дамытудың мастер-жоспарларын, Тарифті инвестицияға айырбастау саясатына көшу жөніндегі жол картасын әзірлеу әдістемесін бекітумен шектелген. Энергетика саласын дамыту бағыты бойынша жылу энергетика саласын дамытуға арналған нақты бағыттар, нәтиже, көрсеткіштер, жекелеген іс-шаралар жоқтың қасы.

Мысалы, Ұлытау облысы бойынша екі құбырлы жылу желілерінің жалпы ұзындығы 480 километрді құрайды, тозуы – 60 пайыз.

Алмасадам Майданұлы, жауап беріңізші, қашан және қай уақытта осы тозған 60 пайызды жөндейміз? Нақты іс-шаралар жоспарлары қашан жасалады? Биыл қыстан аман-есен шығамыз ба? Жезқазған, Сәтбаев қалалары бойынша болжамыңыз қандай? Рақмет.

ТӨРАҒА. Энергетика министрі.

СӨТҚАЛИЕВ А.М. Сұрағыңызға рақмет. Мен сіздің пікіріңізбен келісемін, жылу энергетикасын дамыту мен қалпына келтіруде жүйелі тәсіл қажет.

Что касается объектов теплоэнергетики. В основном планы их развития и модернизации осуществляются на региональном уровне или компаниями-собственниками непосредственно. Но в целом по каждому объекту был произведен достаточно глубокий анализ и по линии министерства. Вы знаете, компания «KPMG» сделала анализ практически всех крупных энергообъектов, по каждому объекту разработана карта рисков, определен уровень износа, разработана дорожная карта. Мы точно в ручном управлении будем работать по каждому объекту, в том числе принимать решение о выводе того или иного объекта из эксплуатации и замене его другими энергоисточниками. В целом видение есть, но в качестве единой программы мы его сформулируем в ближайшее время.

По Улытау. Это опять вопрос тепловых сетей. Думаю, Министерство индустрии и инфраструктурного развития какую-то работу проводит, безусловно. Сейчас достаточно большие деньги выделяются.

Что касается отраслевых экспертиз со стороны Министерства энергетики, то мы их, безусловно, выдаем, понимая важность данных объектов.

По Жезказгану работа идет в соответствии с планом. Там никаких проблем нет. Будем информировать, если будут какие-то риски.

По Сатпаеву ремонт котлов осуществляется, уже приступили. До 15 октября планируется завершение ремонтных работ. Как я уже говорил, в рамках текущего контроля мы будем осуществлять мониторинг подготовки данных энергообъектов к зиме.

ТӨРАҒА. Депутат Тұрғанов Дүйсенбай Нұрбайұлы.

ТҰРҒАНОВ Д.Н. Рақмет, құрметті Төраға.

Менің сұрағым Астана қаласы әкімдігінің өкіліне.

Жоғары аудиторлық палатаның есебінде «Астана қаласының №7, №8 станциялардың қазандық агрегаттарын, № 5, №6 станциялардың турбогенераторын және су жылыту қазандығын орнатып, ЖЭО-2 кеңейту» жобалық-сметалық құжаттамасы бойынша жобаны іске асыру ұзақтығы жеті жарым жылға есептелгені көрсетілген. Аяқталуы 2016 жылға жоспарланған еді. Алайда барлық мерзімді ұзартуды ескере отырып жобаны аяқтау 2023 жылғы желтоқсанға ауыстырылды.

Бұл ретте әкімдіктің өзі су мен жылу бойынша қолда бар қуаттардың жеткіліксіздігі туралы айтып отыр. Осының кесірінен тұрғын үй құрылысы қазіргі кезде тоқтатылуда.

Жобаны іске асыру мерзімін кейінге шегеру неге байланысты? Жоспарланғандай биылғы желтоқсанға дейін жұмыс аяқтала ма? Бұған кім жауапты болады? Рақмет.

СОЛТАМБЕКОВ Н.Қ. Спасибо за вопрос.

В соответствии с поручением Премьер-Министра акимату столицы в 2019 году было поручено не снижать темпы строительства и увеличить ввод жилья в столице до 3,5 миллиона квадратных метров. По республике эта цифра составляла 15 миллионов. Все мы понимали, что в любом случае когда-нибудь наступит дефицит.

Вы сейчас сказали о расширении ТЭЦ-2. Да, ТЭЦ-2 мы расширили, в 2016 году ввели в эксплуатацию. Данные энергокотлы дали нам мощности по электрической энергии больше в 2,5 раза, по тепловым котлам – тоже в 2,5 раза. Практически мы закрыли. В период проведения ЭКСПО все объекты были подключены.

Что касается ввода жилья, то с 2019 года до конца 2022 года было введено в эксплуатацию 10 миллионов квадратных метров жилья. Однако в 2022 году мы, видя, что ТЭЦ не будет сдан, ограничили ввод жилья в эксплуатацию, более 1 миллиона квадратных метров жилья приостановили.

В августе 2022 года генеральный подрядчик ТЭЦ-3 объявил, что завершение строительства ТЭЦ в установленное время произвести не представляется возможным. Для снижения тепловой мощности и безопасного прохождения отопительного сезона были проведены соответствующие мероприятия (это в конце прошлого года). Дефицит тепловой мощности составлял практически 600 гигакалорий, в связи с чем на ТЭЦ-1 был произведен перевод водогрейных котлов, что дало дополнительную тепловую мощность.

Была проведена работа по переводу социальных объектов (объекты УДП, медкластеры) на автономное теплоснабжение – тоже приобрели дополнительную мощность. Было введено временное ограничение на отопление в паркингах и объемы расхода тепла на вентиляцию объектов (ТРЦ, офисные помещения и производственные здания) – также увеличили нагрузку по теплоцентрали.

Была проведена работа по переносу сроков сдачи социальных объектов (более 1 миллиона квадратных метров), о чем я уже сказал.

Для снижения разрегулировки в системе теплоснабжения и обеспечения нормальной гидравлики мы установили дроссельные заслонки.

В целом 7322 объекта, подключенных к центральному теплоснабжению, не испытывали дефицита тепла, на теплосетях аварий в отопительный период не было.

Учитывая эту ситуацию, в прошлом году мы приняли решение о строительстве двух ГТС – «Юго-Восточная» и «Туран». Было одобрено финансирование в размере более 100 миллиардов тенге на ввод данных объектов. Это дает дополнительную суммарную мощность в 690 гигакалорий. До 1 ноября все они будут сданы в эксплуатацию.

Сама система газовых тепловых станций подключается последовательно. К 1 октября мы будем иметь порядка 400 гигакалорий, то есть дефицит в этом году мы закроем.

Кроме того, в ТЭЦ-3 сейчас ведется опрессовка всей системы, первой насосной станции.

ТӨРАҒА. Был конкретный вопрос: до 31 декабря завершим или нет?

СОЛТАМБЕКОВ Н.Қ. Завершим полностью, выйдем с профицитом.

ТӨРАҒА. И кто ответит за все эти безобразия?

СОЛТАМБЕКОВ Н.Қ. Лично я отвечаю за эту сферу.

ТӨРАҒА. Жаксы.

Депутат Стамбеков Ерлан Даулетұлы.

СТАМБЕКОВ Е.Д. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Мои вопросы адресованы Министру энергетики и заместителю Председателя АЗРК.

Недавно принятые законодательные поправки по созданию единого закупщика на рынке электрической энергии ставили своей основной целью стимулирование ввода новых мощностей, привлечение инвестиций, создание реальной конкуренции между электростанциями, обеспечение равного доступа на оптовом рынке.

Как мы знаем, подобная модель существует на рынке мощности с 2019 года. Однако, по сведениям АЗРК, эта структура рынка зарекомендовала себя непривлекательной для конкуренции. Так, если в первый год проходили реальные торги за сбыт мощности единому закупщику, то в последние три года конкуренции между станциями не наблюдается.

Кроме того, есть вопросы по доступу к услугам самого единого закупщика в лице ТОО «РФЦ». Скажите, пожалуйста, Алмасадам Майданович, какие меры принимаются министерством по созданию конкуренции между станциями за продажу электроэнергии единому закупщику?

И вопросы Рустему Нурлановичу. Насколько будет обеспечен равный доступ к объемам электроэнергии электроснабжающим организациям и потребителям от единого закупщика? Как прорабатывается этот вопрос с Министерством энергетики? Спасибо.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, Министр энергетики.

СӘТҚАЛИЕВ А.М. Большое спасибо за вопрос.

Вы в своем вопросе достаточно четко обозначили цели создания единого закупщика. Основная цель – ввод новых мощностей, то есть это мера на период дефицита мощностей. Этот орган создается для того, чтобы обеспечить единую закупку и конкурентную среду на рынке за счет эффективного управления, централизации контроля доходности станций в условиях дефицита, контроля за конечными отпускными ценами, обеспечить возможность за счет офтейк-контрактов (долгосрочных контрактов) приобретения электроэнергии и ввода новых мощностей. Когда эти мощности будут введены, когда будет конкуренция, тогда уже можно будет вернуться к идее – оставить этого единого закупщика или нет.

В условиях отсутствия конкуренции, дефицита электроэнергии достаточно сложно обеспечить развитие конкуренции. Тем не менее мы понимаем, что конкуренция возможна в какие-то определенные часы, в какие-то определенные периоды времени. Когда у нас будет эта возможность, то в рамках правил единого закупщика предусмотрена возможность проведения анонимных торгов на понижение. Ключевым фактором будет именно наименьшая стоимость электроэнергии. Торги будут проводиться постоянно, они будут абсолютно прозрачными. Мы обеспечим доступ всем желающим к энергосистемам и возьмем его на особый контроль. В рамках работы торговой системы будет обеспечена абсолютная конкуренция за счет внедрения алгоритмов, а данные торги будут осуществляться без участия человека.

ТӨРАҒА. По единому закупщику, пожалуйста, Агентство по защите и развитию конкуренции.

АХМЕТОВ Р.Н. Уважаемый Ерлан Даулетович, спасибо за вопрос.

Мы сейчас отрабатываем с Министерством энергетики правила функционирования оптового рынка, правила единого закупщика. Да, есть большие риски в части распределения электроэнергии между поставщиками электроэнергии, «цементирования» монопольного положения вертикальных групп, компаний.

Что касается неконкурентных торгов электрической мощности, то факт есть. На самом деле последние два года продавали по максимально предельной цене ввиду отказа государственной станции ГРЭС-1 от реализации 50 процентов своей мощности. По данному эпизоду мы будем принимать меры антимонопольного реагирования или направим материалы в правоохранительные органы. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Депутат Құспан Абзал Темірғалиұлы.

ҚҰСПАН А.Т. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым Энергетика министріне.

Құрметті Алмасадам Майданұлы! 1990 – 2000 жылдар аралығында біздің жылу электр орталықтарымыз негізінен олигархтардың қолына өтіп кеткендігі белгілі. Осындай әрекет 2000 жылдың басында Батыс Қазақстан облысында да көрініс тапқан болатын. Бірақ

сол кездегі облыстық және қалалық мәслихат депутаттарының тікелей араласуымен, олардың жергілікті атқарушы органдарға ашық түрде қарсы шығуының нәтижесінде Оралдағы жылу электростанциясы мемлекеттің меншігінде қалды. Салынғанына 70 жылдан асса да, құрылғылардың тозуы 80 пайыздан асса да, Екібастұздағыдай немесе басқа облыстардағыдай жағдай Орал қаласында орын алған жоқ.

Уәкілетті орган ретінде Энергетика министрлігі тарапынан еліміздегі жылу электр орталықтарының жекеменшікке өткізілуіне байланысты анализ жасалды ма? Егер жасалса, онда келесі сұрақтарға жауап берсеңіз.

Бірінші. Қанша ірі жылу электр орталығы жекеменшікте, қаншасы мемлекеттің меншігінде?

Екінші. Ірі авариялар қайсысына көбірек тән, жекеменшік жылу электр орталықтарына ма, әлде мемлекеттің меншігіндегісіне ме? Қайсысы шығынды көбірек қажет етеді?

Шығын дегенде тағы бір мәселені ескеруіміз керек. Екібастұздағыдай авариялар орын алған жағдайда, ол төтенше жағдай болғандықтан бәрібір мемлекет тарапынан қалпына келтіріледі.

Жалпы, ТЭЦ-терді жекеменшікке беру саясаты өзін-өзі ақтады ма, ақтамады ма? Рақмет.

СӨТҚАЛИЕВ А.М. Сұрақтарыңызға рақмет.

До последнего времени мы, конечно, не смотрели по виду собственности, больше смотрели на сам объект. В настоящее время произвели достаточно глубокий анализ объектов, которые действительно в «красной» зоне риска и которые нужно поэтапно выводить.

Также есть объекты «желтой» зоны риска, я могу их назвать, в том числе и объекты, о которых сказали Вы, которые находятся в собственности у олигархов, они все здесь присутствуют. Но есть в зоне риска и объекты, которые были в зоне ответственности акиматов и национальных компаний. Мы, безусловно, предоставим вам детальный анализ.

Что касается контроля министерства за проведением ремонта, то он будет. Это меры, которые сегодня обсуждали, по усилению органов энергонадзора, по проверкам, выездным совещаниям, координации работы с Министерством индустрии и инфраструктурного развития, местными исполнительными органами. Работа ведется, есть прямые поручения Премьер-Министра, Главы государства. Мы их будем держать на контроле.

ТӨРАҒА. Депутат Такиев Мәди Төкешұлы.

ТАКИЕВ М.Д. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым Энергетика министріне.

Құрметті Алмасадам Майданұлы! Сегодня компетенция по мониторингу и контролю за состоянием теплоэнергетических объектов и тепловых сетей, как мы видим, размыта между министерствами и местными исполнительными органами. Последствия, как мы прекрасно понимаем, – это отсутствие объективной и полной информации о текущем

состоянии всей теплоэнергетической отрасли. Насколько нам известно, мониторинг ведется каждым ответственным государственным органом в ручном режиме.

У меня такой вопрос, Алмасадам Майданович. В связи с отсутствием автоматизации и цифровизации, мониторинга мы не владеем единой и полной информацией о состоянии ТЭЦ, котельных и теплосетей. Или вы как-то по-другому проводите оценку? Если проводите, то кто отвечает за достоверность данных по регионам? Рақмет.

ТӨРАҒА. Министр энергетика.

СӘТҚАЛИЕВ А.М. Спасибо за поставленные вопросы.

Действительно, есть разделение ответственности, но это не означает, что отсутствует координация. Вся сводная информация по энергообъектам поступает в Комитет государственного энергонадзора, проводятся встречные проверки, которые обеспечивают объективность рассмотрения предоставленных данных.

Более того, сейчас нами инициирована разработка цифровой платформы по оценке состояния объектов энергетики, на которой в онлайн-режиме мы совместно с Министерством цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности будем осуществлять не только контроль технического состояния, а также оценивать качество проведенных и проводимых ремонтов. Эта работа начнется в ближайшее время, мы будем информировать о ходе ее реализации.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Депутат Сабильянов Нұртай Салихұлы.

САБИЛЬЯНОВ Н.С. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің бірінші сұрағым Энергетика министріне.

Құрметті Алмасадам Майданұлы! Сіз жақсы білесіз, Президент Семей қаласында жаңадан жылу электр станциясы орталығын салуды тапсырған болатын. Соған байланысты оның жобалық-сметалық құжаты әзірленді ме? Сондай-ақ оның құны қанша? Және бұл жұмыс қай уақытта басталады? Өйткені Семей қаласында жылу мәселесі өте өзекті.

Екінші сұрағым Жоғары аудиторлық палата өкіліне.

Семей қаласына соңғы он екі жылда жылу жүйесін реконструкциялауға, жөндеуге 40 миллиардқа жуық қаражат бөлінді. Мен сіздерден осының тиімділігін қайта тексеруді, аудит жүргізуді сұраймын. Өйткені бөлінген 40 миллиард қаражатқа Семей қаласының жылу мәселесі шешілген жоқ, дұрысталып кеткен жоқ. Бұл жерде көп мәселе бар.

Үшінші сұрағым Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне.

Бізде қазір объектілерді жобалау және олардың бағасының қымбаттауы өзекті болып отыр. Өйткені бізде жобалауды жеке институттар жүргізеді. Жобалау институттарының жұмысын реттеу бойынша және мемлекеттік сараптама беруге байланысты қандай жұмыстар жүргізіліп жатыр? Сіздердің министрліктеріңіздегі мемлекеттік сараптама кәсіпорнының жұмысын да реттеу керек. Жобалау жұмысын жасаған немесе сараптама жүргізген мекеме неге өзіне жауапкершілік алмайды? Неге объектілердің құны қымбаттай береді?

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, сұрақты қысқаша берейік. 40-қа жуық депутат сұрақ қоюға жазылған. Біз сұрақ қоюға 40 минут уақыт бердік. Мен 40 минуттан кейін сұрақ қою рәсімін тоқтатамын.

Энергетика министрі.

СӨТҚАЛИЕВ А.М. Большое спасибо за вопрос.

Действительно, в городе Семее необходим централизованный источник энергоснабжения. Министерством уже определена тепловая мощность, электрическая мощность – 240 мегаватт. Определен подрядчик – компания «Самрук-Энерго», которая разрабатывает ТЭО данного проекта. Единственный открытый вопрос – это месторасположение. Рассматриваются две перспективные площадки. Сроки поставлены достаточно серьезные. Предусмотрен механизм возврата через рынок мощности, то есть министерство гарантирует покупку данной электроэнергии.

Интерес для потенциальных инвесторов. Есть иностранные компании, которые готовы осуществить строительство.

В целом работа ведется, мы ждем только привязки к месту.

ТӨРАҒА. Депутат Жаңбыршин Еділ Терекбайұлы.

ЖАҢБЫРШИН Е.Т. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.

Бүгін жауаптарды естіп отырмыз. Бүгінгі отырысқа бірде-біреуі дұрыс дайындалып келмеген, жауаптары тұшымсыз, нақты жауаптар жоқ.

Энергетика министрі министр болғанына үш ай болды. Бұрын осы салада жұмыс жасаған азамат, министрліктің жағдайын, энергетика саласын біледі деп есептейміз. Бірақ бірде-бір проблемалық қалаға бармаған. Президент барады, депутаттар барады, бірақ Энергетика министрі не Екібастұзда, не Риддерде, не Теміртауда, не Кентауда, не Арқалықта, тіпті Астанадағы ТЭЦ-терде де болмаған. Сонда ол қалай жұмыс жасайды? Энергетика саласы кабинетте отырып жұмыс жасайтын дүние емес, ол аяғымен барып, қолмен ұстап, көзбен көріп барып реттейтін мәселе.

Менің сұрақтарым бар.

Бірінші. Жылу маусымына біздің қай қалалар дайын болмайды? Сондай тәуекелдері бар қалалар бар ма? Сіз Энергетика министрі ретінде бізге соны айтыңызшы.

Екінші. Алдымызда үлкен проблемалар бар. Жаңа айтып кеттік, 70-ке жуық жылу электр орталықтары тозған. Кез келген командирдің қолында карта болады. Қай өңірлерге, қай жерлерге қандай уақытта модернизация жасаймыз, оны қайтадан құрамыз, жаңасын саламыз, ақшасы, мерзімі осындай болады деген сіздердің министрлікте сондай карта бар ма?

Келесі сұрақ Наталья Николаевнаға.

Бізде энергетика саласында тәуекелдерді бағалайтын модель бар ма? Соны айтып беріңізші. Бізде қай жерде тәуекелдер бар? Олардың бәрін алдын ала бағалап, реттейтін модельдер бар ма? Рақмет.

ТӨРАҒА. Энергетика министрі.

СӘТҚАЛИЕВ А.М. Құрметті Еділ Терекбайұлы! Мы с Вами постоянно встречаемся, я отчитываюсь на заседаниях комитетов, мы с Вами на связи. Ваше замечание принимается.

Мы уже разработали график визита, согласовали с местными исполнительными органами все объекты. Роман Васильевич тоже будет ездить. Мы всю работу скоординировали.

Почему пока не выезжали? Потому что на многих объектах ремонт еще не начался. У нас есть график ремонта, мы его держим на контроле, ежедневно мониторим, обозначены зоны риска по каждому энергообъекту (красная, желтая, зеленая), уровень износа, строительство новых мощностей. Объекты, которые вызывают опасения, – Риддер, Текели, Семипалатинская ТЭЦ, Шахтинская ТЭЦ, Павлодарская ТЭЦ, Шымкентская ТЭЦ, МАЭК «Казатомпром», Аркалык, Караганда.

ТӨРАҒА. Понятно. Алмасадам Майданович, пока Вы соберетесь, уже зима наступит.

СӘТҚАЛИЕВ А.М. График мы отработали.

ТӨРАҒА. Так и скажите, что отработали. Расскажите, где Вы были, какая там ситуация. Был конкретный вопрос: в каких городах есть риски?

СӘТҚАЛИЕВ А.М. Я уже назвал рискованные зоны.

ТӨРАҒА. Еще раз назовите.

СӘТҚАЛИЕВ А.М. Риски есть по ТЭЦ Риддера, Текели, Семипалатинской ТЭЦ-1, Шахтинской ТЭЦ, Павлодарской ТЭЦ-2, Шымкентской ТЭЦ-3, МАЭК «Казатомпром» ТЭЦ-1, «Казатомпром» ТЭЦ-2, ТЭЦ Жезказгана. Также Петропавловская ТЭЦ-2 определенные опасения вызывает. Это те объекты, по которым необходим непосредственный контроль министерства, который мы планируем осуществлять.

ТӨРАҒА. Правильно ставится вопрос.

Президент сам посещает все объекты, ведутся там ремонтные работы или нет, теплоэнергоцентраль и котельные. А Вы, Алмасадам Майданович, при всем к Вам уважении, пока только разработали график.

Пожалуйста, Наталья Николаевна.

ГОДУНОВА Н.Н. Еділ Терекбайұлы, спасибо за вопрос.

У нас есть ведомственная система управления рисками. Я не думаю, что у нас должна быть система управления рисками в отдельных отраслях, она должна быть в отраслевых министерствах. Поэтому мы проводим госаудит, показываем системные

проблемы, предлагаем пути их решения. Дальше, на мой взгляд, должны работать отраслевые министерства.

ЖАҢБЫРШИН Е.Т. У Министерства энергетики она есть?

ГОДУНОВА Н.Н. В Министерстве энергетики система управления рисками есть, но только по тем энергообъектам, за которые они отвечают, а общей системы не существует.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Нажметдинұлы Болатбектің сұрағынан кейін сұрақ беру рәсімін аяқтаймыз.

НАЖМЕТДИНҰЛЫ Б. Рақмет, құрметті Төраға.

У меня вопрос. Я почитал отчет Натальи Николаевны. Здесь реально у нас мнения совпадают.

Министерство национальной экономики при тарифообразовании создало очень хорошие условия для монополистов в виде дифференцированного тарифа. Допустим, с 2012 года тарифы подняли на 96 процентов для юрлиц, для населения – на 32 процента, а для бюджетных организаций – на 245 процентов. Как Наталья Николаевна говорит, вы скрытно финансируете монополистов, создали им тепличные условия. Но это оправдывается, если эти товарищи, которым вы создали такие тепличные условия, ежегодно отчитываются о проделанной работе и обязательствах. Насколько качественно Министерство национальной экономики и КРЕМ администрируют эту работу и мониторят исполнение всех этих обязательств? Если они исполняют качественно все свои обязательства, почему мы тогда снова и снова поднимаем эти тарифы и показываем изношенные сети?

ТӨРАҒА. Министр национальной экономики, пожалуйста.

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті Болатбек Нажметдинұлы! Ни для кого не секрет, что дифференциация тарифов имеет социальную направленность. Понятно, если у нас физлицо платит 11 тенге, юрлицо – 25 тенге, бюджет может платить от 40 до 65 тенге. Если отказаться от такого перекрестного субсидирования сразу, то понятно, чем это грозит. Правительство не может этого допустить. Тем не менее отказ от перекрестного субсидирования у нас происходит постепенно. Сейчас три пилотных региона – Костанайская и Западно-Казахстанская области, город Алматы – откатывают данный переход.

Мы имеем соответствующее поручение об отказе от перекрестного субсидирования, но постепенно – где-то в течение десяти лет. На ближайшую пятилетку мы ориентируем такой переход по областям, которые имеют более высокие доходы. По южным регионам это отложено на потом, потому что опять будет риск роста тарифов.

Параллельно мы рассматриваем, понятно, и стимулирующий метод, но он тоже чреват резким повышением тарифов из-за того, что необходимо будет, согласно международной методологии, закладывать определенную маржу, прибыль для субъектов естественных монополий.

Что касается контроля за документацией. Я уже говорил, что у нас есть база «е-монополист», она с прошлого года активно работает. Сейчас мы очень тщательно рассматриваем все документы не только при корректировке тарифа, но и при внесении данных документов. Это большая ответственность, для этого мы провели работу по цифровизации. Будем продолжать дальше это делать. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, біз екі сағатқа жуық сұрақтарымызды қойдық. Сұрақ беремін дейтін депутаттар әлі бар, бірақ сұрақ беру уақыты аяқталды.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі депутат Жайымбетов Мархабат Жайымбетұлына беріледі.

ЖАЙЫМБЕТОВ М.Ж. Рақмет.

Құрметті Ерлан Жақанұлы, құрметті әріптестер! Өздеріңізге мәлім, энергетика саласы – мемлекеттің экономикалық дамуының негізгі көрсеткіші. Мемлекет басшысы энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңыздылығын атап өткен болатын.

Азаматтардың жайлы өмір сүруі де осы саланың дамуымен тікелей байланысты. Өкінішке қарай, қазір энергетика бағыты қиын кезеңді бастап өткеріп жатыр. Саладағы олқылық салдарынан бүтін қалалар жылусыз қалғанын да білеміз. Оған Екібастұз, Риддер, Петропавл, Степногорск қалаларындағы апаттар дәлел бола алады.

Келесі қысқа бұл қалалар дайын ба, қайталанбай ма, кім кепілдік береді – үлкен сұрақ. Яғни, қордаланған мәселе көп. Мұны Жоғары аудиторлық палатаның энергетика саласында жүргізген мемлекеттік аудит нәтижесінен де аңғару қиын емес.

Басқару жүйесінде олқылық көп. Қаржы тиімсіз, мақсатсыз жұмсалған.

Елден ештеңені жасыра алмаймыз, мұның бәрін біледі, сондықтан мәселелерді ашық айтайық.

Бірінші. Көптеген өңірде энергетикалық инфрақұрылымның техникалық жағдайы нашар. Жабдықтар жоғары деңгейде тозған. Жалпы, елімізде жылу-электр орталықтары 40-50 жылдан астам уақыт бойы жұмыс істеп келе жатыр, электр желілерінің 66 пайызы және ұзындығы 14 мың шақырым болатын жылу желілерінің 54 пайызы тозған. Бізді алаңдататын мәселе – оның ішінде 2 мың шақырым жеке меншіктегі желілердің 77 пайызы ескірген, ал Екібастұз, Арқалық, Риддер, Шемонаиха сияқты қалаларда желілердің толық тозығы жеткендігі. Соның салдарынан жыл сайын апат қайталанып тұрады. Бұл халыққа ауыр тиіп жатыр.

Оған қоса жылумен жабдықтау жүйесінде 40 пайызға дейінгі жылу ысырап болуда. Соңғы үш жылда жылу ысырабы 3,6 миллион гигакалорияға жеткен, мемлекетке 14,4 миллиард теңгеден астам шығын келді деген сөз. Яғни, бұл далаға кеткен қаражат.

Әсіресе көппәтерлі тұрғын үйлерге жұмсалып жатқан энергия зая кетіп жатыр. Тиімділігі төмен. Ол үшін еліміздегі 55 мыңға жуық көппәтерлі тұрғын үйдің 31 пайызын күрделі жөндеуден өткізу керек.

Астана, Семей, Тараз, Павлодар сияқты бірқатар қалалардың жылу жүйесінде мәселе көп, энергия тапшы. Осыны шешу үшін қомақты қаражат қажет. Алдын ала есеп

бойынша жылу желілерінің тозу деңгейін 50 пайызға түсіру үшін 1,8 триллион теңге, ал бүкіл энергетика саласын жаңғырту үшін шамамен 7-8 триллион теңге қажет екен.

Бәрімізге белгілі, қаржыландырудың әртүрлі көзі бар, бірінші – мемлекеттік бюджет қаражаты, екінші – халықаралық несиелер, оның ішінде облигациялар шығару және тарифтер есебінен қаржыландыру.

Осы орайда жақсы тәжірибе бар. Қызылорда қаласында республикамызда бірінші болып түріктің «Акса Энерджи» компаниясымен бірлесіп, құны 215 миллиард теңге тұратын заманауи жылу-электр орталығының құрылысы сәтті басталды. Инвестициялық тартымдылықты арттыра отырып, әлеуетті инвесторлармен келіссөз жүргізіп, өзге өңірлерде де осындай жобаны іске асырса жөн болар еді.

Қаржы көзін табу мәселесі өте өзекті екені сөзсіз. Үкімет қажетті қаржылық ресурстар көлемін есепке алып, тозу деңгейіне жеткен жылу желілерін жаңғыртудың кешенді жоспарын әзірлеуі қажет.

Сондай-ақ өңірлердегі жылу желілерінің тозуын төмендету бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеп бекіту кезек күттірмейтін қадам.

Екінші. Жылу-энергетика бағытында ұзақ мерзімде стратегия және саланы дамытудың кешенді, жүйелі жоспары ақсап тұр. Одан бұрын ортақ жауапкершілік те жоқ. Жылу-энергетика саласы бірнеше мемлекеттік органға жүктелген.

«Қойшы көп болса, қой арам өледі» демекші, әрқайсысы жұмысты аяғына дейін тындырмай, бір-біріне сілтеп отыруды әдетке айналдырған. Жылу-энергетика саласы өгей баланың күйін кешіп тұр. Бұлай жалғаса берсе, мәселе күрделене береді. Тығырықтан шығатын жол керек. Ол үшін жылу-энергетика саласын реттейтін функцияларды бір мемлекеттік органның құзырына беруді қарастыру қажет.

Қолданыстағы заңнамада да жылу энергетикасы саласының барлық аспектілері ескерілмеген. Үкімет жылу энергетикасы туралы арнайы салалық заңды баяғыда әзірлеуі қажет болатын. Естеріңізге сала кетейін, 2014 жылы бұл заңды қабылдау туралы тапсырма берілген болатын. Ол он жылға созылып кетті. Бұл заң жүйеленсе, жылумен жабдықтау саласындағы басқару, құқықтық, тәртіптік мәселелер шешімін табар еді.

Үшінші. Бірыңғай реттегіш тетіктің болмауы энергияны басқару жүйесін тиімсіз етіп отыр. Мысалы, жылу беру маусымында кей табиғи монополиялар субъектілері жылу беру маусымына дайындық паспортын алмай-ақ жұмыс істейді. Бұл заңсыз әрекет. Монополистер заңды белден басып отыр, «әй» дейтін әже, «қой» дейтін қожа жоқ. Солардың жауапсыздығының кесірінен қарапайым тұрғындар қытымыр аязда жылусыз қалып, өз үйлерінде бүрсең қағып жүр. Сондықтан монополистерді тежеп ұстайтын, тәртіпке шақыратын тетіктер керек.

Сонымен қатар тұтынушылар да жылу мен электр энергиясының төлемақысын уақытында төлеуі керек. Қалыптасқан күрделі жағдайды халыққа ашық айтып түсіндіре білуіміз маңызды.

Төртінші. Қолданыстағы тарифтерді белгілеу жүйесі де тиімсіз. Соның салдарынан инвестиция тарту қиынға соғып жатыр, өйткені бекітілген тарифтер табиғи монополиялар субъектілерінің шығындарын жабуға жетпейді, қажетті инвестициялық табыс та есепке алынбайды. Қаржы қиындығының басты себебі де осы.

Осы орайда тарифтерді талдау нәтижелері тұрғындар тұтынатын жылудың едәуір бөлігінің бюджет есебінен төленетіндігін көрсетті.

Жылу-электр орталықтарының көбісі жылу өндіруден табыс таппайды, көбінесе электр энергиясын өндіруден табыс табады. Соған байланысты қазіргі таңда электр энергиясын тұтынушыларға делдалдар жеткізеді. Бұл тариф бағасының өсуіне әсер етеді. Тұрғындардың толассыз арыз-шағымдарына қарамастан негізгі энергия тасымалдаушы компаниялар делдалдармен жұмыс істеуін тоқтатқан жоқ. Егер болашақта энергетика саласына салынған инвестициялардың тарифтер есебінен қайтарылуын қаласақ, тарифтерді амалсыз өсіруге тура келеді. Осы себептерді ескере отырып, Үкімет делдал қызметтерінің жолын кесуді қолға алуы қажет.

Бесінші. Табиғи монополиялар субъектілерінің жеке сатып алу рәсімінде ашықтық жоқ. Сатып алу кезінде бір көзден сатып алудың және еншілес компаниялардан сатып алудың үлесі өте жоғары. Бұл негізінен тапсырыс беруші мен сыбайлас тұлғалардың арасында шектеулердің болмауынан туындап жатыр. Сондықтан жылумен жабдықтау саласына бөлінген қаражаттың тиімді және мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз ету үшін заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеп, енгізу қажет.

Алтыншы. Білікті кадрлардың жетіспеушілігі – жылу-энергетика саласының ең негізгі олқылығының бірі. Оған себеп те бар – өндіріс қызметкерлерінің жалақысы төмен. Осы саланың жілігін шағып, майын ішкен мамандар амалсыз табысы жоғары өзге салаға ауысып жатыр. Бұлай жалғаса берсе, білікті кадрлардан айырылып қаламыз.

Жетінші. Инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру кезінде келеңсіздіктер болып жатыр. Жобалау ұйымдары инфрақұрылымды сапасыз жобалап, мердігерлер шартта көрсетілген өз міндеттерін уақытылы орындамай, біліксіздік танытып отыр. Мысалы, сапасыз жобалау мен инженерлік кемшіліктердің салдарынан Астана қаласындағы ЖЭО-3, Арқалық қаласындағы ЖЭО және Ақсудағы қазандық салу жобалары осы күнге дейін аяқталмады.

Сондықтан облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың орта және ұзақ мерзімді кезеңдерге арналған әлеуметтік-экономикалық, демографиялық дамуын ескере отырып, жылу энергиясына қажеттілікке талдау жүргізу қажет деп санаймыз.

Жоғарыда айтылған жағдайларға байланысты энергетика саласындағы қордаланған проблемаларды кейінге қалдырмай, Үкімет оларды шешудің жүйелі тәсілін әзірлеуі қажет.

Баяндалғандарды ескере отырып, Қаржы және бюджет комитеті Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының есебін мақұлдау мүмкін деп санайды.

Баяндама аяқталды. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Енді есепті талқылауға көшейік.

Сөз депутат Тұрғанов Дүйсенбай Нұрбайұлына беріледі.

ТҰРҒАНОВ Д.Н. Құрметті Төраға, құрметті әріптестер! Парламенттің сегізінші шақырылымы бірінші сессиясының ашылуында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев инфрақұрылымды дамытуға қатысты ұстанымды қайта қарау қажеттігі

туралы айтып, бұл ретте тозығы жеткен энергетикалық инфрақұрылымның жұмыс істемей жатқанын атап көрсетті.

Өткен қыста жылу энергетикасында қордаланған көптеген проблемалардың беті ашылды. Бұл жылыту маусымына дайындыққа деген ұзақ жылдар бойы қалыптасқан формалды тәсілдің салдары деуге болады. Өздеріңіз білетіндей, Екібастұз, Рудный және Риддер қалаларындағы жағдай қиынға соғып, сол кезде орын алған түйткілді мәселелерді шұғыл түрде шешуге тура келді. Енді біздің барлық бірлескен күш-жігеріміз осы жағдайды түзетуге бағытталуы керек деп есептеймін. Алайда кейбір жергілікті жерлерде бұл мәселелер сол күйінде қалуда. Тағы да жөндеу мерзімдері сақталмауда, қаржыландыру да кешіктірілуде, тендерлерді білікті емес компаниялар ұтуда.

Осыған бірнеше мысал келтіруге болады:

жоғарыда айтылғандай, құрылысына мемлекеттік бюджеттен 12 миллиард теңге жұмсалған Ақсу қаласында қазандықты іске қосу жағдайы туралы;

Риддер жылу-электр орталығында елеулі технологиялық бұзушылықтарды жою бойынша жұмыстар;

Қарағанды облысының екінші жылу-электр орталығында күрделі жөндеуді аяқтау мерзімдері кешіктірілуде;

«МАЭК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің екінші жылу-электр орталығында жекелеген қазандықтарын күрделі жөндеу жұмыстары кешіктірілген;

Екібастұз жылу-электр орталығында да жөндеу жұмыстарының кестесі сақталмауда, тіпті жуырда оның жекелеген ғимараттарында төбе плиталарының құлауы орын алған.

Мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы органдардың және жылу-электр орталықтары меншік иелерінің үйлесімді жұмыс істемеуі салдарынан азаматтарымыз, өңірлердің тұрғындары зардап шегуі мүмкін.

Осы мәселелерді шешу үшін мынадай жұмыстар атқарылуы қажет деп санаймын:

өңірлерді жылумен қамтамасыз етуге жауапты энергетикалық объектілердің меншік иелері мен бірінші басшыларының жауапкершілігін күшейту;

жөндеу жұмыстарын жүргізу кезеңінде олардың бекітілген жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкестігі мен сапасын тексеру үшін тексеруші және бақылаушы органдарға энергетикалық объектілерге бару мүмкіндігін беру;

тендер рәсімдерін ашық және бүкпесіз өткізуге қойылатын талаптарды қарастыру;

осы мердігерлерге қойылатын талаптарды арттыру және олардың жүргізетін жұмыстарының сапасы үшін жауапкершілігін күшейту;

меншік иелерінің де, тұтынушылардың да мүдделерін ескере отырып, тариф белгілеу саясатын жетілдіру;

«жылу энергетикасы» мамандығы бойынша кадрлар даярлау және оқу гранттарын ұлғайту мәселесін пысықтау;

энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдардың бірінші басшыларын біліктілігін тексергеннен кейін ғана тағайындауды қарастыру;

тұрақты электр-жылумен жабдықтауды қамтамасыз ету үшін энергия өндіруші және энергия беруші ұйымдарға қатысты электр энергетикасы саласындағы мемлекеттік бақылауды күшейту.

Бұл мәселелердің барлығы қазіргі уақытта мемлекеттік органдармен және энергетикалық компаниялармен бірлесіп «Жылу энергетикасы туралы» Заң жобасының аясында пысықталуда. Осы заң жобасы жылу энергетикасы саласындағы саясат үшін құзыреттер мен жауапкершілікті қайта бөлуді көздейді.

Сондай-ақ жылу желілеріндегі бақылау функциялары жергілікті атқарушы органдардан Атом және энергетикалық қадағалау және бақылау комитетіне ауысатын нормалар көзделіп отыр. Электр энергетикасы саласындағы қолданыстағы заңнаманың өзгеруіне байланысты бақылау әлсірегеннен кейін технологиялық бұзушылықтар саны едәуір өскен. Мұның салдарынан электр және жылу энергиясының жеткіліксіз шығарылу көлемі артты.

Бүгінгі таңда депутаттар еліміздің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті шараларды күшейту мен ұлғайту қажеттілігіне негізделген мемлекеттік бақылау мен қадағалауды күшейтуге бағытталған түзетулер енгізіп жатыр.

Қорытындылай келе, энергетикалық қауіпсіздік еліміздің экономикалық және ұлттық қауіпсіздігінің маңызды құрамдас бөліктерінің бірі болып табылатынын атап өткім келеді.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Саиров Ерлан Бияхметұлына беріледі.

САИРОВ Е.Б. Рақмет.

Құрметті Ерлан Жақанұлы, құрметті әріптестер! Жаһандық геосаяси, геоэкономикалық қарама-қайшылықтар Қазақстанның экономикасына да үлкен сын.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Мәжілісте сөйлеген сөзінде халықтың тұрмыс сапасы әлі күнге дейін жақсы емес деп бекерден-бекер атап өткен жоқ.

Жоғары аудиторлық палата жұмысының стратегиясы халықтың тұрмыс сапасын арттырып, елімізде адами капиталды арттыруға бағытталған басымдылық болуы қажет.

Өткен қыс мезгілінде Қазақстанның барлық өңірінде жылу беру жүйесі апаттық жағдайға ұшырады. Азаматтардың денсаулығына ауқымды зиян келді, адамдар моральдық тұрғыдан жапа шекті. Осы апаттық жағдайды Жоғары аудиторлық палата болжап, мемлекетке, Парламентке алдын ала есеп берді ме? Жоқ, бере алмады.

Приведу один конкретный пример. Хотя депутаты и эксперты говорили о возможных рисках кризиса вследствие искусственного долгостроя теплоснабжения города Астаны, Высшая аудиторская палата приступила к проверке процесса строительства ТЭЦ-3 только после вмешательства Главы государства. Рамки проверки хода строительства ТЭЦ-3 ограничиваются только 2021 – 2022 годами, тогда как долгострой длится уже с 2010 года.

Депутаты посетили ТЭЦ-3. Согласно информации акимата города Астаны, готовность проекта на 1 января 2023 года составляла 83 процента, тогда как, согласно принятым актам, работы завершены всего на 64 процента, реально существует риск незавершения объекта до конца текущего года. Несмотря на заверения руководства города Астаны, есть очень большой риск, что в этом году Астана останется с дефицитом теплоснабжения.

Мы на примере ТЭЦ-3 Астаны увидели, что Высшая аудиторская палата остается в стороне от решения узловых проблем бюджетного регулирования на региональном уровне. Проверка эффективности и степени коррупциогенности региональных бюджетов является прерогативой региональных ревизионных комиссий при маслихатах, которые, по мнению многих экспертов, находятся под протекционистским контролем областных акиматов.

Как говорят в народе, там находится рассадник коррупции, есть почва для разбазаривания народных денег. Поэтому Высшая аудиторская палата должна иметь полномочия проверять целевое и эффективное использование бюджетных трансфертов в регионах, особенно в таких чувствительных отраслях, как тепло, вода и электроэнергия.

Жоғары аудиторлық палатаның іс-әрекеттері абстрактілі қателер мен бюджет процесіндегі шалыс кадамдарды жай ғана есептеу емес, әрбір адамның мүддесін қорғай отырып, азаматтардың күнделікті тұрмысын жақсартуға бағытталуы тиіс. Жоғары аудиторлық палатаның жұмысын тексеру үшін тексеру принципінен алшақтап, халқымыздың адами капиталын арттыруға қабілетті жүйелі шешімдерге алып келетін логикалық басымдыққа ауысуы тиіс.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жоғары аудиторлық палатаны Мәжілістің құзыретіне бергендегі басты философия – Қазақстанда адами капиталды дамыту тұрғысында бюджеттің тиімділігін арттыру.

Сондықтан «AMANAT» партиясы фракциясы Жоғары аудиторлық палатаның жұмыс жоспары Мәжілістің барлық комитеттерімен келісіліп жұмыс істеуі тиіс деп есептейді.

Конституциялық реформа өзгерістерін формальды түрде іске асыруға болмайды.

Мәжіліс пен Жоғары аудиторлық палата арасындағы қарым-қатынас тек қана жылына екі рет болатын есеп беру кезінде ғана емес, тұрақты түрде болуға тиіс.

Мәжіліс алаңында бюджетті бақылау, реттеу мәселелері бойынша Жоғары аудиторлық палата өкілдерімен жүйелі бірлескен жұмыс жоспары болуы керек. Сонда адамдарда сенім презумпциясы пайда болады, қоғамда әлеуметтік әділеттілік үстем болады.

Мемлекет халықшыл болса, халық сол кезде мемлекетшіл болады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Әлтай Аманжол Дүйсенбайұлына беріледі.

ӘЛТАЙ А.Д. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті әріптестер, бүгін біз өте маңызды мәселені талқылап отырмыз. Меніңше, Энергетика министрлігінде Энергетика комитеті Мұнай комитетінің көлеңкесінде қалып отырған секілді көрінеді. Сондықтан Энергетика комитетінің құзыретін және жауапкершілігін күшейту керек деп есептеймін.

Жаңа Асхат Қанатұлы өте жақсы айтып өтті, энергия бақылаудың бақылаушылық қызметі күшейтілуге тиісті. Қазіргі мораторийді пайдаланып, әсіресе жекеменшік ТЭЦ-тер энергия бақылаудың мамандарын не есігінен де, не тесігінен де кіргізбейді. Сондықтан жылу энергетикасы секілді аса маңызды сала мораторийге жатпауы керек деп ойлаймын.

Сонымен бірге, жаңа әріптестерім айтып кеткендей, электр станцияларына техникалық аудит жүргізілді. Оның қорытындысы бойынша қуаттарының тозу деңгейі тым

жоғары болып отыр. Осыған байланысты жалпы модернизация және жаңарту жоспары дайындалу керек деп санаймын.

Сонымен қатар жаңартуға жатпайтын және әбден тозығы жеткен станцияларды пайдаланудан шығару мерзімі де жоспарлануға тиіс деп есептеймін.

Илегеніміз бір терінің пұшпағы болғандықтан, жылу электр станцияларына, жылу электр жүйелеріне қатысты министрліктердің бірігіп жұмыс істеуіне шақырамын.

Қыс қатты болғанымен үйіміз жылы болсын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Әбенов Мұрат Абдуламтұлына беріледі.

ӘБЕНОВ М.А. Рақмет.

Құрметті әріптестер, мен бір маңызды мәселеге көңілдеріңізді бөлгім келеді. Есепті көрдік, біраз жүйелі проблемалар көтерілген. Соның ішінде негізгі проблеманың бірі – бір министрліктің жүйелі түрде мемлекет тарапынан бір саясатты жүргізуге қызығушылық танытпайтыны.

Бұл жерде көрсетілген проблеманың бірі – кадр жетіспеушілігі. 2014 жылы бұл мәселе көтерілген, бірақ өткен жылы басталып, 2023 жылы қайтадан жасалған осы саланың стратегиясында бұл мәселе жоқ.

Я хотел бы обратить внимание министерства, что при принятии решений не нужно смотреть только на техническую сторону или финансовую. Очень важный вопрос – обеспечение человеческим капиталом. Проблема недостатка кадров отмечалась еще в 2014 году, но этой стратегией, которую утвердило министерство, опять этот вопрос обойден.

57 процентов потребностей в кадрах не обеспечено – именно тех, кто работает с технологиями, именно среднее профессиональное звено. Обратите внимание на тех, кто заканчивает. Колледжи окончили по этой специальности только 2300 человек. Интерес к техническим специальностям падает. И здесь, я думаю, Министерство энергетики должно выстроить правильные взаимоотношения с регионами, которые ответственны за подготовку кадров со средним профессиональным образованием, и с Министерством образования.

Здесь очень важно определить стратегию. Кадры готовить очень долго. Мы с депутатом Жайымбетовым в Кызылорде посетили ТЭЦ во время избирательной кампании, и нам люди говорили: кто будет работать в ТЭЦ, мы уйдем скоро на пенсию? Да, замечательная ТЭЦ, привлекли инвесторов. Я радуюсь, турецкий инвестор построил ТЭЦ за счет своих средств – 250 миллиардов тенге. А кадров нет. У них зарплата всего лишь 100 тысяч. Это же важная отрасль. Как мы привлечем людей, если не будем заранее продумывать вопросы повышения заработной платы?

Я бы хотел, чтобы министерство все-таки не говорило, что это не их вопрос, пусть этим занимается Министерство образования. Давайте вместе этот вопрос поднимем. Это очень важно. Если мы сейчас не начнем готовить кадры, то через три-четыре года вообще некому будет работать. Давайте с этой стороны тоже посмотрим.

После ситуации в Экибастузе все общество поняло, что это очень важно, хотя это незаметный труд. В конце концов у нас виноватым оказался сварщик, а не человек с

высшим образованием. К сведению: больше половины тех, кто управляет ТЭЦ, не имеют специального образования.

Я предлагаю министру, все-таки Вы из этой отрасли, вопросом подготовки кадров, человеческим капиталом заниматься уже сейчас. Мы готовы Вас поддержать. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Жаңбыршин Еділ Терекбайұлына беріледі.

ЖАҢБЫРШИН Е.Т. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.

Мен осы мәселелерді көтерген спикерлердің пікірлерін ары қарай жалғастырғым келеді. Біздің талқылап жатқанымыз мемлекет үшін өте маңызды стратегиялық және қауіпсіздік мәселесі.

Глобалды үш мәселе бар.

Біріншісі – материалдық жағы, яғни технология, техника, қаржы мәселесі. Оны қалай шешеміз? Оған жауап таба алмадық.

Екіншісі – заңнамалық реттеу мәселесі. Қазір Мәжілісте Президент тапсырмасымен әзірленген заң жобасы бар, оны біз тезірек қарап қабылдауымыз керек. Жаңа мен тәуекелдерді бағалау жөнінде Наталья Николаевнаға бекер сұрақ қойған жоқпын. Бар дейді. Бірақ ол жұмыс жасамайды. Біз оның бәрін заңмен реттеуіміз керек.

Материалдық жағы, яғни, технологияға қаржыны қайдан аламыз? Тарифті шексіз көтере алмаймыз. Бюджетте бізде шектеу. Инвестиция мәселесі ол тағы да тарифке байланысты болады. Ертең оны қайтаруымыз керек болады ғой. Менің бір ұсынысым бар. Оны біреулер популистік деп, біреулер тағы басқа деп айтуы мүмкін.

Бізде «Форбесте» 160 миллионер мен миллиардерлер бар. Соның алдыңғы жиырмасын жиырма өңірге бөліп беру керек сияқты. Мемлекеттің байлығынан пайда таптындар, байыдыңдар, енді сендер, халыққа, билікке көмектесіндер деп жиырмасына жиырма өңірді бөліп берейік, солар жасасын. Бұл ұсыныс. Соны ойластырып көру керек. Ақшалары бар, оның бәрін о дүниеге алып кетпейді ғой, халыққа, елге, мемлекетке көмектессін. Олар осы мемлекеттің арқасында байыды.

Жаңа заңды айтып кеттім, оны қазір Тұрғанов бастаған депутаттық топ айналысып жатыр, жақсы ұсыныстар бар. Энергиямен жабдықтаушы ұйымдарды жою жөнінде біз ұсыныс бердік. Электр энергия саласын да, басқа жағын да қараймыз.

Үшінші – кадр мәселесі. Кеңес Одағы кезінде үш энергетикалық институт болды, Мәскеуде, Ивановада, Алматыда. Мен соның түлегімін. 1975 жылы политехтен өз алдына институт болып бөлініп шықты. Енді қызықты қараңыз. Бұл Энергетикалық институт қазір жекеменшікте. Олардың аудиторлық есебі бойынша 33,64 пайызы мемлекетте болған, оны Нұрсұлтан Назарбаев білім қоры сатып алды. А. Салдузи деген кісіде 29,49 пайызы, Э. Салдузи деген кісіде 28,03 пайызы, яғни қалғандары да жеке адамдарда.

Бұл біздің кадр дайындайтын институт. Қазір ол Ғұмарбек Жүсүпбекұлы Дәукеев атындағы Алматы Энергетика және байланыс университеті деп аталады. Соның бүкіл акциясы жеке адамдардың қолында. Біз энергетик дайындаймыз дейміз. Бұлар электр энергетикасы мен жылу энергетикасын біріктіріп жіберген. Мен өткенде барып көрдім. Жылу энергетикасы өз алдына бөлек сала, электр энергетикасы өзі алдына бөлек сала. Бізді

бес жыл оқытты, үш жыл физика оқыдық, үш жыл математика оқыдық. Қазір оның біреуі де жоқ. Біз қазір қалай кадр дайындаймыз? Мұрат Әбенев мырза дұрыс айтып отыр, біз жылу орталықтарын салайық, оларға модернизация жасайық, бірақ онда кім жұмыс жасайды? Біз дұрыс мамандарды дайындап жатқан жоқпыз.

Енді осы оқу орнының басшыларына келейік. Директорлар кеңесінің төрағасы – Гаджиев Фуат Асланоғлы (Баку). Ректорат құрамы. Ректорының аты-жөнін айтпай-ақ қояйын, инженер-мұнайшы. Одан кейін Академиялық қызмет жөніндегі проректоры шет тілін бітірген, общая педагогика, история, педагогика и образование, этнопедагогика мамандығы бойынша. Олар қалай энергетиктер дайындайды? Бұл не сонда? Біріншіден, біздің энергетик дайындайтын мықты флагманымыз жеке қолда, екіншіден, ол оқу орнын басқарып отырғандар мамандар емес. Және ол жердегі оқу бағдарламаларының бәрін біріктіріп жіберген, электр энергетикасы мен жылы энергетикасын. Бұл мемлекетке үлкен қауіп.

Біріншіден, бұл оқу орны мемлекеттің қолына өту керек. Екіншіден, стандарттар мен оқу жоспарларын қайтадан қарауымыз керек. Себебі бізге ол оқу орнынан бакалавриат бітірген «никудашный» инженер керек емес, кемі бес жыл оқуы керек. Мәскеудегі энергетикалық институтта алты жыл оқиды, әлі күнге дейін олар өздерінің жүйесін сақтап отыр. Ал біз төрт жыл оқытамыз, ол не маман емес.

Сондықтан менің осындай ұсыныстарым бар. Бұл тек Энергетика министрлігіне ғана қатысты емес, Ғылым және жоғары білім министрлігіне де қатысты. Сондықтан біз бұны қайтадан қарауымыз керек.

Құрметті әріптестер, бұл үлкен мәселе. Егер біз бұны қазір реттемесек, ертең мемлекет тоқтап қалады. Бізді энергетика тоқтайтын болса, мемлекет тоқтайды деп үйреткен. Сондықтан бүгінгі мәселе өте өзекті. Жасайтын жұмыстар да өте көп. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Әріптестер, осы мәселе бойынша қаулының жобасы сіздерде бар. Қаулының жобасы бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда қаулының жобасын дауысқа қоямын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 91, «жақтағандар» – 78, «қарсы» – 1, «қалыс қалғандар» – 12. Шешім қабылданды.

Құрметті әріптестер, өздеріңіз білесіздер, Конституциялық реформалардың нәтижесінде Парламенттің рөлі де, ықпалы да қазір күшейді. Мемлекет басшысының тапсырмасымен Мәжіліске бюджеттің атқарылуына парламенттік бақылау функциясы беріліп отыр. Биылдан бастап Жоғары аудиторлық палата жылына екі рет Мәжіліске келіп есеп беріп отыратын болады. Бүгін біз сол алғашқы есебін тыңдадық.

Жылу мәселесі тұрғындарымыз үшін бүгінгі күні ең өзекті мәселе. Өткен қыста Екібастұзда, Петропавлда, Риддерде, Рудныйда тұрғындар жылусыз қалды. Бұл жылдар бойы қордаланған проблемалардың салдары деп айтуға болады.

Мемлекет басшысы бұл мәселелердің барлығын үнемі өзінің бақылауында ұстап отыр, Үкіметке нақты тапсырмаларды берді. Алайда жылу, энергетика жүйесінде толыққанды жаңғыру басталды деп айту әлі ерте.

Бүгінгі Жоғары аудиторлық палатаның есебі де осы саладағы ахуалдарды, олқылықтарды анық көрсетті. Депутаттар тарапынан да бүгін біраз сыни пікірлер айтылды. Үкімет мүшелерінің берген жауаптарынан әлі де мәселелердің толық шешілмей жатқанын байқап, көріп, сезіп отырмыз.

Сондықтан жылумен қамтамасыз ету мәселесі алдағы уақытта да депутаттардың ерекше бақылауында болады. Келесі сессияда біз міндетті түрде бұл тақырыпқа қайта оралып, Үкімет мүшелерінің есебін қайта тыңдауымыз қажет. Бүгін депутаттар көптеген мәселелерді көтерді. Мысалы, «Инвестицияны тарифке айырбастау» деген бұл кезінде болған бағдарлама. Біраз жыл бұрын ол тоқтап қалған. Сол кездерде біраз жылу электр станцияларының барлығы жаңғырып, жаңарып, күрделі жөндеуден өткізілді. Бүгін ол станцияларда проблемалар жоқ. Осы мәселені қайта қарау керек.

Екінші мәселе. Жаңа депутаттар тарапынан Энергия бақылау комитетінің құзыретін күшейту жөнінде ұсыныстар болды. Мен ойлаймын, бұл өте дұрыс ұсыныс. Қазір көп қазандықтар, жылу электр жүйелері әкімдіктерге беріліп қойылған. Бұл сонда дайындық паспорттарын әкімдер өз-өздеріне береді деген сөз ғой. Жаңа Сәтқалиев мырза оған жауап бере алмады. 100 гигакалорияға дейінгі қазандықтар қазір әкімдікте. Ал 100 гигакалория деген не? 1 гигакалория – ол 9 қабатты үй, ал 100 гигакалория – ол бір моноқала немесе бір аудан орталығы. Бұл өте жүйелі де, күрделі мәселе, сондықтан бұны қайта қарау керек.

Үшінші мәселе – жылу мәселесі. Бұл саланың құзыреті мемлекеттік органдардың арасында шашыраңқы болып кеткен. Бұл да қайта қаралатын мәселе деп ойлаймын. Осының бәрі ондаған жылдан бері қордаланған мәселелер, көбі заңнамалық шешімдерді талап етеді. Біз, депутаттар, осы жұмысқа қатысып, әрекет жасап, мәселелердің заңнамалық жағынан да шешімін табуымыз керек деп ойлаймын.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға көп рақмет. Келесі кездескенше сау болыңыздар.

Келесі мәселе «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жайылымдарды пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым).

Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің мүшесі депутат Дүйсембинов Сұлтан Мырзабекұлына беріледі.

ДҮЙСЕМБИНОВ С.М. Құрметті Ерлан Жақанұлы, құрметті әріптестер! Өздеріңізге белгілі, қазіргі кездегі ауылдық жерлерде ең өзекті мәселелердің бірі ауыл тұрғындарының жеке малдарын жайылыммен қамтамасыз ету болып табылады.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің ақпараты бойынша жайылым дефициті 30 миллион гектарға жуық болып отыр. Одан басқа ауыл маңындағы жайылымдық жерлердің 90 пайызға жуығы шамадан тыс пайдалануына байланысты деградацияға ұшырап отыр.

Бұл ретте 2017 жылы Парламент депутаттары бастамасы бойынша қабылданған «Жайылымдар туралы» Заң өз мақсатына толықтай жете алмағанын атап өткен жөн.

Осыған байланысты жетінші шақырылымның Парламент депутаттары бастамасымен «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жайылымдарды пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы әзірленді.

Заң жобасының негізгі мақсаты жайылым мәселелері бойынша қолданыстағы заң нормаларын жетілдіру болып табылады. Заң жобасы бойынша төрт заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделіп отыр.

Бірінші. Жер кодексіне енгізілген өзгерістер.

Кодекске сәйкес егер жайылымның жалпы алаңына түсетін жүктеме нормасының 20 пайызынан аз болған жағдайда артық жайылым мемлекетке қайтарылуға жатады. Ал бұл заң жобасы бойынша жайылымның жалпы алаңына түсетін жүктеме нормасының 50 пайыздан аз болған жағдайда артық жайылым қайтарылады.

Енгізіліп отырған норма жайылымдарды тиімді пайдалануға бағытталған.

Екінші. Орман кодексіне енгізілген өзгерістер.

Орман кодексіне сәйкес мемлекеттік орман қорындағы жайылымдарда мал жаюға рұқсат берілген. Бірақ орман қоры жеріндегі жайылымдар туралы ақпараттар жергілікті атқарушы органдарға берілмейді. Осыған байланысты заң жобасымен мемлекеттік орман пайдаланушылар орман қорындағы мал жаюға рұқсат берілген жайылымдар туралы ақпаратты жыл сайын (қараша айында) аудандық атқарушы органдарға беру туралы міндеттеме енгізілген.

Үшінші. «Жайылымдар туралы» Заңға енгізіліп отырған негізгі өзгерістер.

«Қоғамдық жайылым» туралы жаңа ұғым енгізілді. Бұл ретте қоғамдық жайылымдарға жергілікті халықтың мал жаятын жерлері және осы мақсат үшін арнайы резервке алынған жерлер жатады. Қоғамдық жайылымдарды басқа мақсаттар үшін пайдалануға немесе оларды алуға заңмен тыйым салынады.

«Қоғамдық жайылым» көлемін ұлғайту мақсатында ауылдық елді мекен шекарасынан тыс орналасқан жайылымдарды ауыл әкімдерінің құзыретіне беру туралы норма ұсынылып отыр. Қазіргі кезде олар аудандық атқарушы органның құзыретінде.

Бұл норманың басты мақсаты – жеке мал жаю үшін жайылыммен қамтамасыз етуге қатысты ауыл әкімдерінің құзыреттерін кеңейту және жайылымдарды пайдалану туралы жоспардың кешенділігін қамтамасыз ету.

Жайылымдарды пайдалану туралы жоспар енді бес жылға арналып жасалады. Қазіргі кезде жайылым жоспарлары ұзақ мерзімді (екі жылға дейін) және қысқа мерзімді (бір жылға дейін) жасалынады.

Жайылымдарды қорғау, оларды қалпына келтіру және суландыру туралы жаңа баптар енгізіліп отыр. Қолданымдағы жер және жайылым туралы заңнамаларда мұндай норма жоқ.

Төртінші. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңға жоғарыда айтылған мәселелер бойынша жергілікті өкілетті, атқарушы органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының құзыретін нақтылау бөлігінде өзгерістер енгізіліп отыр.

Заң жобасы бойынша Үкіметтің оң қорытындысы алынды. Заң жобасын қабылдау теріс әлеуметтік-экономикалық, құқықтық салдарларға әкеліп соқпайды.

Құрметті әріптестер, әрине, сіздердің қарауларыңызға ұсынылып отырған заң жобасы жайылым мәселелерін толықтай шешеді деп айта алмаймыз. Алайда заң жобасы осы саладағы біршама мәселелердің шешілуіне оң әсерін тигізуі анық.

Жалпы, келешекте жергілікті өзін-өзі басқару органдарының дамуы мен қалыптасуына орай жайылымдарды басқару мәселесі бойынша өкілеттіктерді оларға беру уақыт талабы болады деп пайымдаймыз.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Енді, құрметті әріптестер, сұрақ беру рәсіміне көшеміз.

Депутат Саурықов Ерболат Байұзақұлы.

САУРЫҚОВ Е.Б. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым баяндамашыға.

Өздеріңіз білесіздер, ауыл шаруашылығы саласында «Жайылымдар туралы» Заңның рөлі өте ерекше. Ауылдар мен ауылдық округтерде жайылымдарды пайдалану мен басқару туралы жоспар бар. Қазіргі уақытта осы жоспар көптеген елді мекендерде орындалмайды, ал бірқатар өңірлерде бұл жоспар мүлдем жасалмаған. Жаңа заң жобасында біз реттеу мен пайдалану үшін бірқатар өзгешеліктер мен өзгерістер енгіздік.

Алдағы уақытта өңірлердегі, ауылдардағы жайылымдарды пайдалану мен реттеуге байланысты өңірлік жоспарлар іске аса ма? Өйткені бұған дейін бұл жоспар көп өңірде іске аспай келді, кейбір жерлерде мүлдем жоқтың қасы. Енді оны қалай ары қарай іске асырасыздар?

ДҮЙСЕМБИНОВ С.М. Сұрағыңызға рақмет, Ербол Байұзақұлы.

Қолданыстағы «Жайылымдар туралы» Заңға сәйкес қысқа мерзімді жоспар бір жылға, ұзақ мерзімді жоспар екі жылға жасалынған. Енді біз ол жоспар бес жыл мерзімге жасалу керек деп отырмыз. Жаңа өзіңіз айтқандай, кейбір жерлерде жоспарлар атқарылмайды да, қаралмайды да.

Мысалы, жерді геоботаникалық зерттеу керек, ал біздің жоспар бойынша ол бір-екі жыл ғана, оған қаражат жұмсалу керек, әкімшіліктер ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізбейді, сондықтан ол жоспарлар қалып қояды. Бұл формальды болмайды деп отырмыз.

Сонымен қатар бос жатқан жайылым жерлер резервке қойылып, шалғайдағы және орман қорындағы жайылымдар тек жоспарға сәйкес пайдалануға беріледі. Осының бәрі оң нәтиже береді деген ойдамыз.

Осы жұмыстарды атқару тек жергілікті атқарушы органдарға ғана байланысты емес, ең алдымен ол жайылымды пайдаланушылардың жауапкершілігі және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының беделі деп ойлаймын. Сондықтан бұл жұмыс жоспар бойынша атқарылады деп пайымдаймыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Баққожаев Анас Ахатұлы.

БАҚҚОЖАЕВ А.А. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым Ауыл шаруашылығы министрлігінің өкіліне.

Өздеріңіз білесіздер, ауылда ырду-дырду, ұрыс-керіс әрдайым осы жайылымдардың тапшылығынан болып жатады, өйткені ауыл тұрғындарының төрт түлігін бағатын жері жоқ.

Енді осы проблеманы шешу үшін заң жобасында «қоғамдық жайылымдар» деген ұғым енгізіліп отыр. Бұл жақсы. Қолданыстағы заңның өзінде ауыл маңындағы беріліп кеткен жерлерді қайтадан сатып алуға, яғни мемлекеттің меншігіне алуға мүмкіндіктер қарастырылған, ондай нормалар бар, бірақ жұмыс істемейді. Осыған байланысты менің сұрағым бар.

Осы заңмен Ауыл шаруашылығы министрлігі жұмыс істейді. Бұл заң қабылданған жағдайда қоғамдық жайылымдардың ауқымын кеңейту үшін қандай тетіктерді атап өтер едіңіз? Рақмет.

ТӨРАҒА. Ауыл шаруашылығы министрлігі.

ТАМАБЕК Ә.Ғ. Сұрағыңызға рақмет, құрметті Анас Ахатұлы.

Біріншіден, қолданыстағы Жер кодексінің 26-бабына сәйкес жерді басқа тұлғаларға беруге шектеу қойылған. Алайда әкімдіктердің бұл норманы бұза отырып жерді бірнеше рет беру фактілері анықталды. Ол жерлердің барлығын қайтардық. Ондай фактілер анықталатын болса, жерді қайтаратын боламыз.

Осы жылдың басында бекітілген Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 137-бабына нақты норма енгіздік. Егер ауыл әкімдері Жер кодексінің 26-бабындағы шектеуге қарамастан жерді жекелеген тұлғаларға беріп жіберетін болса, оларға Әкімшілік құқық бұзушылық кодексі бойынша тиісті шаралар қабылданатын болады. Біріншісінде 15 айлық есептік көрсеткіш, егер қайталанатын болса, 30 айлық есептік көрсеткіш қарастырылған. Сондықтан бұл норма алдағы уақытта жұмыс істейді, яғни әкімдіктердің қоғамдық жайылым жерлерін беру фактілерін тежейді деп санаймыз.

ТӨРАҒА. Сұрақ қоғамдық жайылым үшін фермерлердің сатып алуы туралы болды ғой. Қолданыстағы заңда ол көрсетілген, бірақ ол жұмыс істемейді деп отыр.

ТАМАБЕК Ә.Ғ. Мемлекеттің мұқтажы үшін алынған ба? Сұрағыңызды нақтылап жіберсеңіз.

ТӨРАҒА. Қоғамдық мұқтаж үшін.

Анас Ахатұлы, сұрағыңызды нақты, түсінікті қылып қойыңызшы. Мен түсіндім, министрлік түсінбей жатыр.

БАҚҚОЖАЕВ А.А. Қоғамдық жайылымдардың ауқымын кеңейту үшін шаруаларға беріліп кеткен жерлерді қайтадан алуға бюджеттен ақша бөлінген, оны алуға мүмкіндік бар. Бірақ осы норма жұмыс істемейді деп ойлаймыз. Осы қоғамдық жайылымдардың ауқымын кеңейту үшін қандай тетіктер бар? Соны айтыңызшы.

ТАМАБЕК Ә.Ғ. Түсіндім. Білесіздер, былтыр 5 миллион гектар жер қайтарылды, оның ішінде 300 мың гектар жер елді мекендердің шекарасын кеңейтуге берілді. Биыл тағы сондай 500 миллион гектар жер қайтару міндеті тұр. Ол жерлер де елді мекенге жақын, яғни мал жаюға арналған жерлер болса, ол 10-15 шақырым радиуста болса, олардың барлығын қосып береміз.

Сонымен қатар Жер кодексінің 84-бабында мемлекет мұқтажы үшін, яғни елді мекенді кеңейту үшін жайылым жерлерді беру қарастырылған. Ол норма жұмыс істейді. Ол норманың жұмыс істемеуі кейбір әкімдіктердің ол үшін бюджетте ақша қарастырмағанынан, салғырттығынан болып отыр. Егер қаражат қарастырса, елді мекен жерін кеңейтуге мүмкіндіктері бар. Ол норма жұмыс істейді. Мысалы, Жамбыл облысында былтыр 18 мың гектар жер мемлекет мұқтажы үшін алынып, елді мекенге бекітіліп берілді.

ТӨРАҒА. Дұрыс, жауап осы ғой.
Депутат Сәдібеков Ұласбек.

САДІБЕКОВ Ұ. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.
Менің сұрағым Ауыл шаруашылығы министрлігінің өкіліне.

Глава государства неоднократно отмечал, что сельчане говорят о недоступности пастбищ, сложностях с их получением. Между тем некоторые акиматы предоставляют такие земли отдельным лицам без конкурса. По данным Вашего министерства, около 2 миллионов гектаров земель было предоставлено таким способом. Естественно, это вызывает вопрос о справедливом их распределении. Мне кажется, это вопрос не только о справедливом распределении, это вопрос нарушения законодательства.

В связи с этим вопрос: каким образом законопроект будет обеспечивать доступность и прозрачность предоставления пастбищ? Рақмет.

ТӨРАҒА. Ауыл шаруашылығы министрлігі, жауап беріңіз.

ТАМАБЕК Ә.Ғ. Сұрағыңызға рақмет.

Жалпы, қолданыстағы Жер кодексінің 36-бабында шалғайдағы жайылым үшін және ауыл халқын жайылым жермен қанағаттандыру үшін конкурссыз тікелей бес жылға беру туралы норма бар. «Жайылымдар туралы» Заң қарастырылған кезде жұмыс тобында осы мәселе көтерілді. Ол норманы қазіргі заңнан мүлдем алып тастап жатырмыз.

Бұрынғы кезде конкурссыз айналып өту тетігі болған, оны мойындаймыз. 2021 – 2022 жылдары 2 миллионға жуық гектар жер берілген.

«Жайылымдар туралы» Заңның аясында ол 36-баптағы норма, яғни жеке аулаларды жайылым жермен қанағаттандыру үшін және шалғайдағы жайылым бойынша жер беру мүлдем алынып тасталады. Яғни, бес жыл біткеннен кейін ол жерлер мемлекеттік резервке қайтарылады, ары қарай мерзімі ұзартылмайды, ал одан кейін мүлдем берілмейтін болады.

ТӨРАҒА. Жауапқа қанағаттандыңыз ба? Депутат Сәдібеков.

СӘДІБЕКОВ Ұ. 2 миллион гектар жер конкурстық беріліп отыр дейді. Біз сол әкімдіктен келіп отырмыз ғой. Шынын айтқанда, бұл жерде үлкен мәселе бар. Енді кейбір әкімдіктер деп отырмыз ғой. Енді оның қай жер екенін, ондай мәселе қаншалықты заңды болғанын мен білмеймін. Сондықтан бұл мәселе жан-жақты қаралу керек қой деп есептеймін. Рақмет.

ТАМАБЕК Ә.Ғ. Бұл норма Жер кодексінде болған. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бар, яғни конкурсты айналып өту нормасы болған. Сондықтан бұл норма алдағы уақытта мүлдем алынып тасталады. Ол нормамен жер берудің барлығын заңсыз деп айта алмаймыз, себебі ол норма Жер кодексінде бар. Алдағы уақытта оны болдырмаудың жолдарын қарастырамыз.

ТӨРАҒА. Жақсы.

Депутат Рожин Максим Николаевич.

РОЖИН М.Н. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым Экология және табиғи ресурстар, Ауыл шаруашылығы министрліктерінің өкілдеріне.

Заң жобасында орман мекемелерін жыл сайын аудан әкімдіктеріне орман қорының бос жайылымдары туралы ақпарат беруге міндеттейтін өзгерістер бар. Бірақ осы мәліметтерді одан әрі пайдалану мәселелері реттелмеген. Орман қорының жайылымдарын беруді орман шаруашылықтары мүдделі тұлғалардың өтінімдері арқылы жүзеге асырады. Осыдан екі заңды сұрақ туындайды.

Бірінші. Орман шаруашылықтары әкімдіктермен бірге бұл учаскелерді тұрғындарға және басқа да мүдделі тұлғаларға қалай беретін болады?

Екінші. Көрсетілген мәліметтер жайылымдарды басқару жөніндегі жоспарларға енгізіле ме? Рақмет.

ТӨРАҒА. Экология және табиғи ресурстар министрлігінің микрофонын қосыңыздар.

АЗИДУЛЛИН Ғ.А. Құрметті Максим Николаевич, сұрағыңызға рақмет.

Бүгінгі таңда Орман кодексіне сәйкес орман қоры жерлерінен мал жаю мақсатына жерлерді беру мүмкіндігі бар. Заңға сәйкес қысқа мерзімге 1 жылдан 10 жылға дейінгі уақытқа және 10 жылдан 49 жылға дейін ұзақ мерзімді уақытқа беруге мүмкіндік бар. Дегенмен орман қоры жерлерінен мал жаю мақсатына жер алатын тұлға орман шаруашылығы мекемелеріне барып тиісті арызын беріп, рұқсаттарын рәсімдеуі керек. Оларға орман билеті арқылы немесе шартқа сәйкес берілетін болады. Қазіргі таңда әкімдіктерге қай жерде қандай ауданың бар екендігі туралы ақпарат толықтай берілетін болады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Зейнуллин Аян Талғатұлы.

ЗЕЙНУЛЛИН А.Т. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Мой вопрос адресован Министерству сельского хозяйства.

В законопроекте имеется норма, направленная на ужесточение критериев использования пастбищ – путем увеличения количества сельхозживотных, необходимых для выпаса, с 20 процентов до 50 процентов от нормы нагрузки. В результате в оборот может быть введено около 20 миллионов гектаров неиспользуемых пастбищ.

В этой связи у меня вопросы:

- 1) исходя из чего было принято решение увеличить данный критерий;
- 2) не приведет ли такая норма к ухудшению положения добросовестных землепользователей, не успевших нарастить нужное поголовье сельхозживотных? Рақмет.

ТӨРАҒА. Ауыл шаруашылығының микрофонын қосыңыздар.

ТАМАБЕК Ә.Ғ. Сұрағыңызға рақмет, Аян Талғатұлы.

Бұл бірнеше жылдан бері халықтың көтеріп жүрген мәселесі. Бұған дейін норма 20 пайыз ғана болған. Мыңдаған гектар жер алады, 20-30 бас малын тіркеп қояды, бірақ ол жерде тиісті деңгейде пайдаланбайды. Бұл мәселе үлкен қоғамдық талқылаудан өтті. Өздеріңіз де жұмыс тобына қатыстыңыздар, сол жерде депутаттар бұл мәселені бірауыздан қолдап дауыс берді. Яғни, бұл норма жерді ұтымсыз пайдалануды тежейді. Алдағы уақытта елді мекендегі малды шалғайдағы жайылымдарға, шаруа қожалықтарына тіркеуге, яғни сол жаққа жаюға мәжбүрлейтін болады. Бұл оң динамика береді деп ойлаймыз.

ТӨРАҒА. Депутат Әшімжанов Жанарбек Садықанұлы.

ӘШІМЖАНОВ Ж.С. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.

Менің сауалым Ауыл шаруашылығы министрлігінің өкіліне.

Жер балансының статистикалық деректеріне сәйкес еліміздегі 20 миллион гектар жері тозған, әсіресе мал басының шектен тыс көбеюі **шектен тыс** жайылымның әсерінен елді мекендердің іргесіндегі жер әбден тозған.

Заңнамада жайылымдар тапталған, тозған жағдайда мақсатын ауыл шаруашылығы алқаптарының басқа түрлеріне ауыстыруға тыйым салынған норма бар. Осыған байланысты менің екі сұрағым бар.

Бірінші. Осы норма қаншалықты тиімді?

Екінші. Ауыл іргесіндегі тозған жерлерді қалпына келтіру бағытында мемлекет тарапынан қандай қолдау бар? Рақмет.

ТАМАБЕК Ә.Ғ. Сұрақтарыңызға рақмет, Жанарбек Садықанұлы.

Рас, бізде 29,2 миллион гектар жер әбден тозған. Жалпы, 60 миллион гектар жер тозуға айналған. 90 миллион гектар жер деградацияға ұшыраған және деградацияға тәуелді деп айтсақ болады.

Бұл норманы енгізудегі мақсат – жердің тозуын әрі қарай болдырмау. Яғни, бұл жерде әкімдіктер жауапкершілікті сезінуі керек. Егер біз тозған жердің бәрін басқа санатқа ауыстыра беретін болсақ, біз 200 миллион гектар жерді отыз жылдың ішінде бітіретін

боламыз. Сондықтан әкімдіктер жайылым туралы схемада нақты ауыспалы жайылымдарды ұйымдастыруы керек. Қаржы министрлігімен де талқылады. Жайылымдарды жақсартуға қосымша қаражат алуға әкімдіктердің бюджеттерінде қарастыруға болады. Қай жерде жайылым тозды, сол жерге көпжылдық екпелерді егіп, жайылымын жақсартып, шөп шыққанша басқа бағытқа қарай жаю туралы жайылым схемасында көрсетіп, әкімдіктер осы жұмыстарды жүргізуі керек.

Әкімдіктер оны орындай ма деген мәселе көтерілді. Біз осы заңның аясында Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске енгізбекші болдық, алайда регламентке сәйкес Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске бөлек заң ретінде енгізілуі керек. Егер Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте қаралатын болса, жайылым схемасын дұрыс ұйымдастырмаған әкімдіктердің жауапкершілігін қарау туралы норманы енгізетін боламыз. Бұл толық жүзеге асатын цикл болады деп ойлаймыз.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, үзіліске шығатын уақыт болды. Түстен кейін жалғастырамыз ба? Екі вариант бар – түстен кейін депутат Дайрабаевтан бастап жалғастырамыз немесе қазір аяқтаймыз.

ОРНЫНАН. Аяқтайық.

ТӨРАҒА. Жақсы, үзіліссіз аяқтайық. Дауысқа қоюдың қажеті жоқ қой?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Депутат Дайрабаев Жигули Молдақалықұлы.

ДАЙРАБАЕВ Ж.М. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.

Менің екі сұрағым бар.

Бірінші. «Жайылымдар туралы» Заң соңғы екі-үш жылда сөзбұйдаға салынып жатыр. Біз 2021 жылы бұл мәселені Республикалық жер комиссиясында қарағанбыз. Одан бері біраз уақыт өтті. Жайылым керек. Сондықтан бұл заңды уақыт созбай жылдам қабылдау керек. Бұл жерде екі-үш бапқа ғана өзгерістер енгізіп, тездетіп жүзеге асыру керек.

Бұл мәселені біз бұрыннан көтеріп жүрміз. 20-30 жылдың ішінде ауылдың төңірегінен жерді алды, қожалық құрды, адамдар басқа әрекеттер жасап сол жерге материалдық шығын келтірді. Ол үй салды, жол салды, су шығарды, тал екті, қоражай салды. Соған кеткен материалдық шығынның бәрін жергілікті атқарушы билік төлеп беруі керек дейді. Жергілікті атқарушы биліктің өзі дотацияда отыр, ол ақшаны қайдан алады? Ондай фактілер бар. Субвенцияда отырған ұйымдар бар. Осыған дұрыстап көңіл бөлсеңіздер. Бұл заңның орындалмауына, сөзбұйдаға салынуына себеп болып отыр.

Екінші. 90-шы жылдары колхоз-совхоздар тарады да жердің бәрі орман шаруашылығына өтіп кетті. Кезінде өрт болады, су болады, анау-мынау болады деді де бәрі жауапкершіліктен қашып орман шаруашылығына өткізіп жіберді. Сол орман

шаруашылығына өткізілген жерлерге қазір шаруалар кіре алмайды. Он жылдан артық, бір жылдан артық болмайды дегенді жазып қойған. Соның бәрін жою керек. Меніңше, сол жердің бәрін жергілікті атқарушы биліктерге беріп...

ТӨРАҒА. Жигули Молдақалықұлы, сіздікі сұрақ па, әлде сөз сөйлеу ме?

ДАЙРАБАЕВ Ж.М. Осы сұрақтарға тиянақты жауап берсін.

ТӨРАҒА. Кім жауап береді? Экология және табиғи ресурстар министрлігі. Екінші сұрақтан бастай беріңіз. Орман шаруашылығы бойынша.

АЗИДУЛЛИН Ғ.А. Сұрағыңызға рақмет.

Мемлекет басшысының 2030 жылға дейін орман қоры жерлерін 14 миллион 500 мың гектарға дейін жеткізу бойынша тапсырмасы бар. Сондықтан орман қоры жерлеріне жататын жерлерді басқа категорияға ауыстыру еліміздің саясатына сәйкес келмейді деп есептейміз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Ауыл шаруашылығы министрлігі, бірінші сұрақ бойынша.

ТАМАБЕК Ә.Ғ. Жигули Молдақалықұлы, кейбір облыстар бюджеті жетпегеннен кейін республикалық бюджетке өтінім жасайды. Сондықтан есептеп, бағалау жүргізіп, қажетті сомаға өтінім жасаса, республикалық бюджеттен қаражат бөлінеді, оған ешқандай шектеу жоқ. Бұл жерде тек әкімдіктердің жұмыс ұйымдастыру мәселесі ғана тұр. Заң жағынан ешқандай шектеулер жоқ.

ТӨРАҒА. Жақсы. Рақмет.

Құрметті депутаттар, сонымен сұрақтарымыз аяқталды.

Сұлтан Мырзабекұлы, сізге рақмет. Орныңызға отырыңыз.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Аграрлық мәселелер комитетінің мүшесі депутат Әшімбетов Нұржан Кемерұлына беріледі.

ӘШІМБЕТОВ Н.К. Құрметті Ерлан Жақанұлы, құрметті әріптестер! Заң жобасымен жұмыс барысында 100-ден астам түзету ұсынылды. Жұмыс тобының тоғыз отырысы өткізілді.

Халықаралық тәжірибе зерделеніп, жұмыс тобына ғылыми және салалық қоғамдық ұйымдардың сарапшылары тартылды.

Өңірлердің өкілдерімен бірлесіп «Жайылымдарды басқару жоспарларын қолдану» тақырыбында «дөңгелек үстел», орман қорындағы жайылымдар мен жер қатынастары саласындағы цифрландыру мәселелері бойынша екі тақырыптық отырыс өткізілді.

«АМАНАТ» партиясының желісі бойынша жайылымдарды пайдалану мәселелеріне қосымша ұсыныстар алынды.

Мен мынадай тұжырымдамалық түзетулерді атап өткім келеді:

уәкілетті органның және облыс әкімдіктерінің жайылымдарды дамытудың негізгі бағыттарын айқындайтын, бірінші кезекте тозуға қарсы күреске бағытталған стратегиялық құжаттарды әзірлеуі және қабылдауы;

жер пайдаланушыларға жайылымдардың айналасында қазба жұмыстарын жүргізгені, траншеялар қазғаны үшін жауапкершілік жүктеледі;

конкурстар өткізбей жайылым беру нормасы алынып тасталады. Бүгінгі күні Жер кодексінің 36-бабы жайылымдарды бес жылға дейінгі мерзімге тікелей беруге мүмкіндік береді.

Жаңа естідіңіздер, 2 миллион 200 мыңдай гектар жер конкурстық берілген.

Келесі іргелі түзетулер.

Жайылымдарды беру немесе конкурстар өткізу және ауылдық округтің мұқтажы үшін жерді резервке қою қабылданған жоспарға сәйкес жүргізіледі. Жаңа депутат Баққожаев қоғамдық жайылымдарды қалай кеңейтеміз деген сұрақ қойған болатын. Жергілікті атқарушы органдармен бірге жоспарларды құрған кезде жерлерді резерв ретінде кеңейтеміз.

Ауыл шаруашылығы кооперациясын дамытуды ынталандыру үшін кооперативтердің жер конкурстарына қатысуы кезінде оларға қосымша балл беру артықшылығы ұсынылады.

Депутат Базарбек шартты жер үлестерінің проблемалық мәселелеріне қатысты бірқатар түзетулер енгізді. Бірақ жайылымдарға тікелей қатысы жоқ түзетулер ретінде ескере отырып, жұмыс тобы осы мәселелерді кешенді реттеу үшін жеке заң жобасын әзірлеуді ұсынды.

Нәтижесінде бүгінгі күні 49 түзетуге қолдау көрсетілді.

Құрметті депутаттар, өңірлерге барған кезде қаралып жатқан осы заң жобасын фермерлермен және тұрғындармен қосымша талқылау ұсынылады.

Жоспар бойынша екінші оқылымды қазан айында өткізуге дайындаламыз.

Бүгінгі күні Мәжілістің барлық комитеттерінен оң қорытындылар алынды.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Нұржан Кемерұлы.

Енді заң жобасын талқылауға көшейік.

Сөз депутат Әлтай Аманжол Дүйсенбайұлына беріледі.

ӘЛТАЙ А.Д. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті әріптестер! Бүгін қаралып отырған заң жобасының басты мақсаты жайылымдық жерлерді пайдалану тиімділігін арттыру болып табылады.

Осыған байланысты жайылымдарды беру және пайдалану бойынша кешенді тәсіл көзделіп отыр. Жайылымдарды беру кезінде жайылымдарды басқару жөніндегі жоспар басты құжат болатындықтан, жергілікті қоғамдастықтың жер мәселелерін шешуге қатысу белсенділігі артады.

Сонымен қатар өзгерістер жайылымдардың тапшылығын, олардың тозуын, пайдаланылмайтын жайылымдардың шаруашылық айналымына тартылуын уақтылы анықтауға ықпал ететін болады.

Бұдан басқа жайылымдық ресурстарды беру және пайдалану кезінде өңірлердегі әртүрлі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері азаяды. «Төрт түлігің тел өрсін, өрісің кең болсын. Баққаның майлы, жайылымың жайлы болсын» деген халық мақалы тегін айтылмаған.

Ендеше осы заң жобасы жайылым жерлердің кеткенін түгендеуге, заңсыз алынғандарын қайтарып алуға, жұтаған жерді шұрайландыруға қызмет етеді деп үміт етеміз.

Аграрлық мәселелер комитеті осы заңды жүйелі түрде қарастырды.

Сондықтан, әріптестер, мен осы заң жобасын қолдаймын және бәріңізді қолдауға шақырамын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Базарбек Бақытжан Жұмабекұлына беріледі.

БАЗАРБЕК Б.Ж. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.

Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданында Аса деген ауыл бар. Аса ауылдық округінде 11 мың гектар жайылымды жер бар еді. 2013 – 2015 жылдар аралығында Болат Назарбаевтың қойған әкімінің заңсыз қаулысының нәтижесінде 11 мың гектардың 9 мың гектар жайылымдық жері бір отбасы өкілдерінің жекеменшігіне өтіп кеткен. Бір отбасы. Әкесі – 2 мың 370 гектар, үлкен ұлы – 1 мың 370 гектар, ортаншы ұлы – 1 мың 340 гектар, ортаншы қызы – 1 мың 260 гектар, кіші қызы – 1 мың 760 гектар, кіші қызының күйеуі – 1 мың 670 гектар. Бір ауылдың жері бір отбасы мүшелерінің жекеменшігіне өтіп кеткен. «Жер аманаты» республикалық комиссиясы жұмысының нәтижесінде 6 мың 500 гектар жерді мемлекеттік меншікке қайтардық. Бұл мысалды мен не үшін айтып отырмын?

Қазақстанның барлық жайылым жерлерінің мәселесі өте өзекті болып отыр. Біз «қоғамдық жайылым» деген ұғымды енгізіп отырмыз. Енді жемқорлыққа белшесінен батқан әкімдер осы қоғамдық жайылым жерлерінен ығай-сығайларға жер беруге құқығы болмайды. Себебі ол Жер кадастры және мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің базасында қоғамдық жайылым жерлер ретінде енгізіледі.

Нақты елді мекенде бес жыл тұрған азамат конкурс кезінде қосымша балға ие болады. Бұл үлкен жетістік деп есептеймін.

Өздеріңіз де білесіздер, кейбір шаруа қожалықтары, ЖШС иелері жайылымды жерлерде траншеялар қазып тастайды. Енді біз Жер кодексінің 65-бабы 13-тармағына міндеттеме ретінде енгізіп отырмыз. Жайылымды жерлерді егістікке айналдыруға болмайды. Бұл өте өзекті проблема. Біз бұл мәселені Жер кодексінің 65-бабына және 97-бабына енгізіп отырмыз.

Тағы маңызды өзгерістердің бірі – резервтеу. Енді әкімдіктер жайылымды жерлерді резервке қоюға міндеттенеді. Бұл маңызды үрдіс. Бұны Жер кодексіндегі 49-баптың 2) тармақшасына енгізіп отырмыз.

Тағы бір маңызды мәселе – кооперативтер. Біз жайылымды жерлерді кооперативтерге береміз және кооперативтерді қолдаймыз.

Жалпы, әріптестер, бұл ең маңызды заң жоба деп есептеймін. Әрине, бұл жайылымды жерлердің мәселесін үзілді-кесілді шешпейді. Мен келісемін, бұнда мемлекеттік қажеттіліктер үшін жерді алған кезде бюджеттен қаражат қарастыру мәселесі де туындап отыр. Бірақ бұл заң жобасы мәселені шешуге өз үлесін қосады. Сондықтан әріптестерімнен осы заң жобасын қолдауды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Талқылау барысында заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөнінде ұсыныс түсті. Қарсылық болмаса, осы ұсынысты дауысқа қоямын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 90, «жақтағандар» – 88, «қарсылар» – 1, «қалыс қалғандар» – 1. Шешім қабылданды.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Келесі екі мәселе, құрметті әріптестер, бір-бірімен байланысты болғандықтан олар бойынша ортақ баяндама жасап, қаулыларды жеке-жеке қабылдауды ұсынамын.

«Семей ядролық қауіпсіздік аймағы туралы» негізгі және оған ілеспе заң жобалары жөнінде. Екінші оқылым.

Сөз Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитетінің төрағасы депутат Жаңбыршин Еділ Терекбайұлына беріледі.

ЖАҢБЫРШИН Е.Т. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Қадірлі әріптестер! «Семей ядролық қауіпсіздік аймағы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы және оған ілеспе заң жобасы 2021 жылғы 14 мамырда жұмысқа қабылданып, оны Парламент Мәжілісі 2022 жылғы 13 сәуірде бірінші оқылымда мақұлдады.

Заң жобасы бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонының аумағында және оған іргелес жатқан жерлерде радиациялық және экологиялық қауіпсіздіктің тиісті деңгейін қамтамасыз ету, оның аумағын пайдалану мен оңалту мәселелерінде мемлекеттік бақылауды күшейту мақсатында Семей ядролық қауіпсіздік аймағы жерлерін құруды көздейді.

Депутаттар заң жобасын екінші оқылымға әзірлеу барысында:

кешенді экологиялық зерттеп-қарауды жүргізу кезінде радиоэкологиялық жағдайға сапалы және дәйекті талдауды қамтамасыз ету қауіпсіздігі қағидатын қамтитын Семей ядролық қауіпсіздік аймағы қызметін заңнамалық реттеу қағидаттарын белгілеуге;

мемлекеттік органдардың Семей ядролық қауіпсіздік аймағын құру және оның жұмыс істеуі саласындағы құзыретін нақтылауға;

уәкілетті органның Семей ядролық қауіпсіздік аймағының паспортын тіркеуге арналған құзыретін нақтылауға, ядролық қаруды сынау жүргізілген жер учаскелеріне кешенді экологиялық зерттеп-қарау жүргізу әдістемесін әзірлеу мен бекітуге бағытталған түзетулерді енгізді.

Бірқатар жаңа ұсыныстар уәкілетті органның қарамағындағы мемлекеттік кәсіпорындар қатарынан Семей ядролық қауіпсіздік аймағының жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті ұйымды белгілеу тәртібін нақтылауға бағытталған.

Депутаттар ілеспе заң жобасымен жұмыс барысында:

запастағы жерлерді ядролық қауіпсіздік аймағының жерлеріне ауыстыру тәртібін нақтылауға;

ядролық қауіпсіздік аймағы жерлерінде жер пайдалану құқығына қатысты мәмілелер жасасуға тыйым салуды белгілеуге бағытталған түзетулерді енгізді.

Заң жобасын қарау барысында салық, жер және экологиялық заңнамаға сәйкес арнайы құқықтық режимді белгілеу мақсатымен депутаттар «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодекске тиісті түзетулер енгізді.

Кәсіпкерлік кодекске мемлекеттік монополия және арнайы құқық субъектілері қатарынан Семей ядролық қауіпсіздік аймағының жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті ұйымды алып тастауға бағытталған ұсыныстар енгізілді.

Сондай-ақ Экологиялық кодекске құрылыс-монтаждау жұмыстары мен қалпына келтіру және жою жұмыстарына арналған эмиссиялар нормативтерін есептеу және негіздеу бойынша нақтылайтын нормалар енгізілді. Кабель өткізгіш өніміне кәдеге жарату алымын өндіріп алуды жоюға бағытталған тиісті түзетулер енгізілді.

«Электр энергетикасы туралы» Заңға басқа елдерден, оның ішінде үкіметаралық келісіммен айқындалатын уәкілетті ұйым арқылы электр энергиясын сатып алуды жүзеге асыруға бағытталған нормалар енгізілді.

Жұмыс тобының отырыстарында талқылау барысында заң жобасы нормаларының бір бөлігі нақтыланып, редакциялық тұрғыдан жақсартылды, заң жобасының мәтіні заң техникасының қағидалары мен норма шығармашылық практикасына сәйкес келтірілді.

Заң жобасының таныстырылымы өткізілді. Жұмыс тобына 150-ден астам түзетулер түсіп, олар жұмыс тобының он бір отырысында және мүдделі министрліктер, ведомстволар және «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны өкілдерінің қатысуымен комитеттің екі кеңейтілген отырысында қаралды. Қорытынды салыстырма кестедегі барлық түзетулер қабылданды.

Парламент Мәжілісінің комитеттері осы заң жобаларын қолдау жөніндегі қорытындыларын берді.

Осы айтылғандардың негізінде Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті «Семей ядролық қауіпсіздік аймағы туралы» Заңды және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Семей ядролық қауіпсіздік аймағы, экология және электр энергиясы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңды қабылдауды және оларды Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенатына жіберуді ұсынады.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Еділ Терекбайұлы.

Әріптестер, бас комитеттен осы заңдарды қабылдап, Сенатқа жіберу туралы ұсыныс түсті. Қарсылық болмаса, осы ұсыныстар мен қаулыларға жеке-жеке дауыс берейік.

Бірінші кезекте «Семей ядролық қауіпсіздік аймағы туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қабылдау бойынша ұсыныс дауысқа қойылады. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 88, «жақтағандар» – 87, «қалыс қалғандар» – 1. Шешім қабылданды.

Келесі кезекте «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Семей ядролық қауіпсіздік аймағы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қабылдау бойынша ұсыныс дауысқа қойылады. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 91, «жақтағандар» – 89, «қарсылар» – 1, «қалыс қалғандар» – 1. Шешім қабылданды.

Шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер, сонымен күн тәртібіндегі барлық мәселелерді қарап болдық. Енді депутаттық сауалдарды жариялауға көшеміз. Депутаттық сауалдардың мазмұнын қысқаша айтып, толық мәтінін Үкіметке, лауазымды тұлғаларға жолдауға болады деп ойлаймын. Қолдайсыздар ма?

ОРНЫНАН. Дұрыс. Қолдаймыз.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Баққожаев Асан Ахатұлына беріледі.

БАҚҚОЖАЕВ А.А. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.

Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры Берік Асылловқа.

«Құрметті Берік Ноғайұлы! Прокуратура адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалардың мүдделерін қорғауы тиіс. Алайда бізге келіп түскен шағым-арыздарды қарасаңыз, бүгінгі таңда аймақтардағы прокуратура органдарының бейқамдығын байқар едіңіз.

Мысалы, Жамбыл облысы Байзақ ауданының тұрғыны Әбдіраман Тұрсынбаев мемлекеттен бес жылға жалға алған 12 гектар жер учаскесін кәсіп ұйымдастырып, сол жерде игерудің орнына бес жыл соттасып жүр. Сондағы әкімдіктің қателігінен жер дұрыс рәсімделмеген. Соттасып жүрген кезде бүкіл өзіне алған міндеттемелерін орындауға берілген уақытты өткізіп алған. Ақыр аяғы жерінен айырылып, салған инвестициясын қайтара алмай, үлкен көлемде шығынға батты. Әкімдік өзінің қателігін мойындаудың орнына, осы азаматқа жергілікті халықты қарсы қойып, жайылымды желеу қылып, бассыздыққа жол беріп отыр.

Тағы бір мысал ретінде Алматыда қаласында жақында ғана ашылған БАКАД тас жолының кесірінен бұғаттауда қалған фермерді келтіруге болады. Алматы облысы Іле ауданындағы Казцик елді мекені маңындағы «Жаңару» шаруа қожалығының ауыл шаруашылығы жері мен өндірістік орны магистральдің салыну барысында мердігермен де, әкімдікпен де тіпті ескерілмеген. Олар аудандық прокуратураға, басқа да органдарға талай хат жазған, жүгінген, бірақ естусіз қалуда. Бүгін бұл шаруа қожалығы БАКАД тас жолының қоршауында қалып, банкрот болуға жақын тұр.

Бұдан бөлек Алматы қаласында «Нұртау Темір» серіктестігінің заңды құқықтары бұзылған. Бұл мекеме 2013 жылы бетон зауытын салуға жер алып, қажетті инфрақұрылымын жүргізіп, 10 миллиард теңге инвестиция құйған. Зауыт экологиялық талаптардың барлығына сай деп танылған. Алайда 2021 жылы Алматы қалалық экология департаменті өзінің үш жыл бұрын берген экологиялық сараптамасы мен эмиссиялық

рұқсаттамасын жоққа шығарып, бетон зауытының жұмысын тоқтатуға кіріскен. Содан бері серіктестік Экология департаментімен соттасып арпалысып жатыр. Өз құжатына өзі қарсы келген Экология департаментінің бұл әрекетін қалай түсінуге болады? Мұның астарында қандай пиғыл тұр?

Заңды тұлғалар құқықтарының өрескел бұзылып, әбден тапталып жатқаны үйреншікті жағдайға айналуда.

2010 жылдан бері шетелдік нарықта Қазақстанның атағын шығарып, ауыл шаруашылығы өнімін терең өңдеп, жергілікті бюджетке жыл сайын 2 миллиард теңге салық төлеп, Орал қаласының 800-ге жуық адамына жұмыс беріп отырған «Кублей» консерві зауытының тағдыры соның айқын дәлелі. Өндірістік аймаққа деп арнайы бөлінген жерге тұрғын үй кешенін салдыртқан қала әкімдігімен бірнеше рет соттасып, өзінің құқығын дәлелдеп, ақыры жеңіп шыққан отандық мекеменің ісі қайта сот қарауына жіберілгенін әлі күнге дейін түсіне алмай отырмыз.

«Кублей» зауытының қараптан-қарап жәбірленіп отырғанын көптеген мемлекеттік органдар жақсы біледі, алайда дәл қазір бәрі шарасыз отыр.

Осыған байланысты жоғарыда көрсетілген фактілер бойынша Бас прокуратура тарапынан тексеріс ұйымдастырылуы қажет деп санаймыз. Бұлай жалғаса берсе, халықтың әділдікке деген сенімі мүлде жойылады. Тексеру жұмысын комиссия құру арқылы өткізсеңіздер, «Ауыл» фракциясы депутаттары оның құрамына кіруге дайын.

Депутаттық сауалға заңмен белгіленген мерзімде жауап беруіңізді сұраймыз.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Стамбеков Ерлан Дәулетұлына беріледі.

СТАМБЕКОВ Е.Д. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Мой депутатский запрос адресован Премьер-министру и Председателю Национального Банка.

«26 апреля мною и группой депутатов Мажилиса Парламента в Ваш адрес был направлен депутатский запрос с рекомендациями по вопросу закредитованности населения Республики Казахстан.

По данным Национального Банка, объем просроченной задолженности физических лиц, по которым нет оплаты более 90 дней, с 1 марта по 1 мая текущего года вырос с 504 миллиардов тенге до 549 миллиардов тенге, а доля к общему объему просроченной задолженности – с 51 процента до 58 процентов.

Рост неработающих займов физических лиц обусловлен не только неэффективной работой финансовых институтов и коллекторских агентств, но и стремлением их к максимальной выдаче кредитов физическим лицам для получения сверхприбыли, игнорируя нормативные акты уполномоченного органа.

Более того, финансовые организации повсеместно продолжают игнорировать правила расчета коэффициента долговой нагрузки заемщика, утвержденные Национальным Банком.

В ответ на депутатский запрос Правительством предоставлена информация, что Агентством по регулированию и развитию финансового рынка будут реализованы определенные мероприятия.

К сожалению, предоставленная информация подтверждает, что государство в лице уполномоченного органа действительно самоустранилось от вопроса закредитованности населения.

В депутатском запросе нами рекомендовано внедрить систему «digital-id» при выдаче онлайн-кредитов в целях исключения онлайн-мошенничества, а также проработать вопрос о признании финансового института солидарно потерпевшей стороной наравне с физическим лицом.

Несмотря на то, что в ответе сказано, что такая обязанность и запрет установлены, возникают резонные вопросы: почему не все финансовые институты сегодня предоставляют электронные услуги с указанными выше инструментами, почему не установлен подобный запрет на проведение взыскания, начисление вознаграждения, пени и штрафов по кредитам в случае внесения представления органов полиции о признании заемщика потерпевшим для банков второго уровня, кредитных товариществ, ломбардов и коллекторских агентств?

Наконец, нам важно было увидеть реальную картину на рынке купли-продажи проблемных займов.

В ответ на данный вопрос Правительство подтвердило, что сделки по купле-продаже проблемных займов фактически никем и никакими нормативными актами не регламентированы, что они производятся единым пулом, проще говоря, оптом, как, например, несколько мешков картошки. А мы добиваемся понимания, что фактически покупаются и продаются даже не займы, а жизни простых людей, наших сограждан.

Учитывая изложенное, считаем необходимым, чтобы Национальный Банк и Агентство по регулированию и развитию финансового рынка более детально рассмотрели направляемые в рамках данного депутатского запроса конкретные шесть вопросов, а также наше предложение о создании постоянно действующей рабочей группы, в задачи которой будут входить нивелирование противоречий, разработка рекомендаций, а также анализ и подготовка законодательных инициатив для внесения изменений в законодательные акты, касающихся этих проблем.

В данную рабочую группу предлагаем войти депутатам Парламента Республики Казахстан, представителям уполномоченных государственных органов, в том числе Национального Банка Республики Казахстан, Ассоциации финансистов Казахстана, общественных объединений и финансовых организаций.

С уважением, депутаты Е. Стамбеков, Р. Кожасбаев, И. Смирнова, А. Зейнуллин, У. Шапақ, А. Сагандыкова». Благодарю за внимание.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Бейсенбаев Ержан Алмабекұлына беріледі.

БЕЙСЕНБАЕВ Е.А. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

«Ақ жол» фракциясының депутаттық сауалы Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Сқярға.

«Как известно, в настоящее время проходит резонансный судебный процесс над участниками олигополии в лице ТОО «Оператор РОП».

Еще в 2017 году фракция «Ак жол» направляла официальный запрос в Правительство о нелегитимности «Оператора РОП», но госорганы дружно покрывали это беззаконие, а иностранные руководители этого ТОО писали кляузы руководству Парламента на депутатов партии «Ак жол».

Но и сегодня, когда функции РОП переданы АО «Жасыл даму», проблема никуда не делась.

В Демпартию «Ак жол» обращаются предприниматели, получившие административные взыскания от департаментов экологии за неуплату утилизационных платежей за 2019 – 2021 годы.

Такие взыскания неправомерны, поскольку реквизиты АО «Жасыл даму» были предоставлены только в 2023 году, а утилизационные платежи были осуществлены еще до предъявления претензий.

Кроме того, они нарушают Указ Президента о введении моратория на проведение проверок малого бизнеса.

Как сообщается, сегодня по этому основанию привлечено более 690 субъектов бизнеса.

Нужно иметь в виду, что именно на указанный период пришлось разоблачение незаконной деятельности «Оператора РОП», а его функции были переданы названному акционерному обществу, задержка с предоставлением реквизитов была связана именно с этой трансформацией. Но тогда почему за эти проблемы внутренней организации процесса штрафуют посторонних?

Как в фильме «Чапаев», когда бедняк говорит: красные пришли – грабят, белые пришли – грабят.

Департамент экологии ссылается на правила реализации РОП, утвержденные Правительством в конце 2021 года, фактически уже после событий вменяемых правонарушений. Это тоже незаконно.

Вынесение административных актов, даже в виде предупреждений, наносит прямой ущерб предпринимателям, поскольку они автоматически переводят бизнес в высокую степень риска с неизбежными последствиями в виде налоговых проверок и ограничений на участие в госзакупках и закупках нацкомпаний.

При этом завод по утилизации техники (в рамках РОП ТОО «Recycling Company») второй год простаивает, так как в ходе уголовного дела на предприятие наложен арест. Однако АО «Жасыл даму» продолжает взимать утильсбор с бизнеса и граждан, хотя сама утилизация не производится.

Кроме того, по данным предпринимателей, нынешний оператор четыре месяца не распределял поступившие средства производителям, ссылаясь на расследование и остановку завода, что не мешает ему же собирать оплату за несуществующую утилизацию. И возникает вопрос: куда снова уходят миллиардные суммы от многострадального утильсбора?

На этом фоне Министерство индустрии и инфраструктурного развития приняло решение прекратить финансирование льготных автокредитов под 4 процента. Как известно,

система утильсбора вводилась с целью обеспечения производства и доступности казахстанских автомобилей, но чиновники об этом, видимо, забыли.

В этой связи депутатская фракция ДПК «Ақ жол» требует:

1) прекратить преследование предпринимателей, оплативших утилизационные платежи, до установления факта нарушения сроков, отменить вынесенные им санкции, включая предупреждения;

2) обнародовать информацию об использовании средств, собранных за утилизацию автомобилей и техники в период приостановления деятельности ТОО «Recycling Company», сообщить о сроках возобновления деятельности указанного завода;

3) продолжить автокредитование под 4 процента, дополнительно направив на эти цели неиспользованные средства от утильсбора;

4) в противном случае рассмотреть вопрос об отмене утильсбора на период простоя завода по утилизации автомобилей.

С уважением Демократическая партия Казахстана «Ақ жол».

ТӨРАҒА. Сөз депутат Садықов Асқар Аманбайұлына беріледі.

САДЫҚОВ А.А. Рақмет, құрметті Төраға.

«Ақ жол» фракциясының депутаттық сауалы Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына.

«Соңғы жылдары жеке және заңды тұлғалар тарапынан сот және өзге де мемлекеттік органдардың құқық қолдану қызметіне, заңнамалық актілердің нормаларын, олардың мәні мен мазмұнын түсіндіру кезінде бірізділіктің жоқтығы туралы шағымдар келіп түсуде.

«Прокуратура туралы» Заңның 1995 жылғы редакциясында жеке немесе заңды тұлғалардың заңды білмеуі немесе дұрыс түсінбеуі заңнамалық актілерді, болмаса азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын бұзуға әкеп соғуы мүмкін деген жағдайда прокурор заңнамалық актінің мазмұнын түсіндіретін норма болған. Алайда 2017 жылы осы заңның жаңа редакциясында прокуратураның заңнаманың даулы нормаларын түсіндірудегі рөлі төмендетіліп, прокурор тек заң бұзушылықтарға жол бермеу және заңда белгіленген жауапкершілік туралы ғана түсіндіреді делінген.

Осы заң жобасын дайындау кезінде Бас прокуратураның бұрынғы басшылығы заңнамалық актілердің нормаларын ресми түсіндіру бойынша өзінің негізгі функцияларының бірін әдейі алып тастаған деп санаймыз.

2022 жылғы «Прокуратура туралы» жаңа Конституциялық заңға қарамастан, прокуратура өкілеттігі кеңеймей, сол қалпында қалды.

Сонымен қатар «Құқықтық актілер туралы» Заңды нормативтік құқықтық актілерді ресми түсіндіруге арналған бір тарау бар. Оған сәйкес мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде нақты субъектілерге немесе нақты жағдайға қатысты нормативтік құқықтық актілерге түсініктеме беруге міндетті. Алайда бұл нормаға мұндай түсіндірулердің міндетті заңды күші жоқ, тек ұсынымдық сипатта болатындығы туралы ескертумен шек қойылған.

Осындай құқықтық қулықтарға байланысты сот тәжірибесінде құқықтарды қолдану кезінде сұрақтар жиі туындайды. Мысалы, Салық кодексінің 8-бабы 3-тармағына сәйкес

кәсіпкердің еш кінәсі болмаса да салықшылар әртүрлі сылтаулармен кәсіпкерлерді айыптайды.

Осындай жағдайларда соттың әрқашан салық органдарын ғана қолдайтыны жасырын емес. Сонымен қатар сот және мемлекеттік органдар Кәсіпкерлік кодекстің 14-бабында қарастырылған адалдық презумпциясына пысықырып та қарамайды.

Прокуратура тиісті наразылық білдіру арқылы құқық қорғау, әділдік позициясын қабылдағаны жөн болар еді. Өкінішке қарай, бізде олай емес.

«Ақ жол» партиясы салық органдарының кәсіпкерлерге теріс әсер ететін заңнама нормаларын өз бетінше, өз мүдделеріне орай түсіндіру мәселесін ондаған рет көтерді.

Сол сияқты заңнама нормаларын өз еркімен түсіндіру нәтижесінде, салықшылармен мәмілелерді жарамсыз деп тану немесе тіркеуді жою тәжірибесі кеңінен қолданады. Соның салдарынан мыңдаған кәсіпкер қайтарма салықтарға ұшырайды.

«Ақ жол» фракциясы Салық кодексінің және өзге де құқықтық актілердің нормаларын тек салық және өзге де бақылаушы органдардың өз қалауы мен қажеттілігі бойынша пайдалануға тырыспай, нақты түсіндіру қажет деп санайды.

Жоғарыда баяндалғанға байланысты «Ақ жол» фракциясы келесі мәселелерді қарауды сұрайды:

1) Салық кодексінің 8-бабы 3-тармағының заңнама нормаларына және кәсіпкерлік субъектілерінің адалдық презумпциясы қағидаттарына сәйкестігін тексеруді;

2) прокуратура органдарына тек заңдылықты бұзуға жол бермеуді және одан кейінгі жауапкершілікті түсіндірумен шектелмей, заңнамалық актілердің мазмұнын түсіндіру жөніндегі қызметтің негізгі қағидаттарының бірін қайтаруды.

Құрметпен «Ақ жол» фракциясының депутаттары».

ТӨРАҒА. Сөз депутат Магеррамов Магеррам Мамедовичке беріледі.

МАГЕРРАМОВ М.М. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

18 января, на последнем пленарном заседании Мажилиса седьмого созыва, мы направляли в Правительство депутатский запрос, где просили включить в категорию освобождающихся от грантовой отработки родителей, имеющих детей с инвалидностью. Суть была в том, что нередко такие родители из-за тяжелых заболеваний своих детей не могут проходить грантовую отработку.

Правительство в своем ответе нас поддержало, сказала, что это соответствует государственной политике по социальной защите лиц с инвалидностью. Уже был Социальный кодекс, который приняли без Мажилиса, а потом нам обещали, что будет постановление Правительства или приказ, но до сих пор ничего нет.

Получается, что Кульгинов, на тот момент курирующий вице-премьер, не осуществил контроль по исполнению, а Саясат Нурбек, министр, которому поручалось реализовать эту норму, не выполнил поручение. И пока Правительство и министр бездействуют, на таких родителей налагают миллионные выплаты.

В этой связи мы сейчас еще раз предпринимаем попытку и обращаемся непосредственно к Премьер-Министру, чтобы все-таки Правительство выполнило свое

обещание включить этих родителей в категорию освобождающихся от грантовой отработки. Спасибо.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Жұбанов Әділ Орынбасарұлына беріледі.

ЖҰБАНОВ Ә.О. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің депутаттық сауалым Бас Прокурор Асыллов мырзаға.

«Құрметті Берік Ноғайұлы! Ұзындығы 277 шақырым «Атырау – Астрахань» тасжолының құрылысы 2019 жылы басталып, жоспар бойынша 2021 жылы бітуі тиіс болатын. Алайда бес жыл бұрын басталып, екі жыл бұрын бітуі тиіс тас жолдың құрылысы өте жай жүруде.

Жұмыстың жүрмеуінің басты себебі құрылыс материалдарының уақтылы жеткізілмеуі және тасымалдаушылар тарапынан вагондардың жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етілмеуінде. Бұл жалпы еліміз бойынша экономикамыздың өсуіне, соның ішінде құрылыс саласының дамуына үлкен кедергі болып отыр.

Бүгінгі таңда «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының жалпы қарызы 2,2 триллион теңгені құрап отыр.

Осыған байланысты сұрақ туындайды. Егер бүгінде ұлттық компания өз зиянына кәсіпкерлерге жасанды түрде әкімшілік кедергілер жасап жатса, «Қазақстан темір жолы» қарызын қалай өтемек?

Сонымен бірге кірістің ең табысты бөлігі – жүк тасымалы қызметін ұлттық компания неліктен бәсекелестік ортаға береді?

Өз кезегінде кәсіпкер өнімін басқа өңірге тасымалдау үшін «Қазақстан темір жолы» компаниясына жүгінсе, тасымалдаушы оны вагондардың жоқтығымен түсіндіре отырып, оны жеке тасымалдаушыларға жібереді.

Осы жерде жеке қалталарына есепсіз пайда әкеліп отырған жүк тасымал вагондардың иелері мен түпкі бенефициарлары неге мемлекетке тиесілі ұлттық компания емес, жеке адамдар деген сұрақ туындайды.

Бұл жерде «Қазақстан темір жолы» компаниясына тиесілі кірістің ең табысты бөлігі – жүк тасымалы қызметінің жеке қолға өтуіне ұлттық компанияға ықпалы бар адамдардың, басшылардың өздері немесе бұрынғы басшылардың қатысы бар деген пікір бар. Себебі ұлттық компанияда жеке мүдделерге лобби жасалып отырғаны айтпаса да түсінікті.

Бұл әрекеттердің барлығы ұлттық компанияның кірісіне ғана әсер етіп қоймай, жобаларды, оның ішінде ұлттық жобаларды жүзеге асыруға кедергі келтіріп отырғанын айтқым келеді. Вагондар төңірегінде қалыптасқан жағдай тауар бағасына әсер етіп, инфляция мен елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайына зиянын тигізуде.

Негізінде экономикамыздың күре тамыры саналуы тиіс «Қазақстан темір жолына» қарата айтылатын сын өте көп. Себебі қоғам ішінде компания қызметі көлеңкелі схемаларға толы, ашықтық, есептілік жоқ деген пікір бар. Қазақстан теміржол паркіндегі вагондардың әбден тозғандығы, жалпы, саладағы қызметтің сапасыздығы, «Қазақстан темір жолы» компаниясын жайлаған жемқорлықтың тым тереңдеп кеткені айтыла-айтыла әбден жауыр болды.

Биылғы жолдауында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бұл компанияның транзиттік әлеуетін арттыру және аталмыш компанияны трансформациялау жөнінде баса айтқан болатын. Президент өзі пәрмен беріп отырғаннан кейін компания жұмысын жаңаша үйлестіріп, халыққа сапалы қызмет көрсете бастар деп үміттенгенбіз, алайда «Қазақстан темір жолы» компаниясының жұмысы әлі сол күйінде қалып отыр.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты Қазақстан Республикасы Бас Прокуроры Берік Ноғайбайұлы Асылөвтан:

ұлттық компанияда барлық жылдар бойынша толық қаржылық талдау жасау және алынған қарыздардың мақсатты жұмсалуды бойынша жүйелі тексеру жүргізуді;

«Қазақстан темір жолы» компаниясының қазіргі және бұрынғы басшылығының вагондарды жалға беретін жеке логистикалық компанияларға қатыстылығына тексеру жүргізуді;

жүк тасымалы қызметін бәсекелес ортадан ұлттық компанияға қайтаруды сұраймын». Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Мұқаев Дәулет Төлеутайұлына беріледі.

МҰҚАЕВ Д.Т. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.

Менің депутаттық сауалым Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Әлихан Асханұлына және Оқу-ағарту министрі Ғани Бектайұлына арналады.

«Тәрбие – тал бесіктен. Бала тәрбиесі бұл ұлттың тәрбиесі екенін ескерсек, балаларға дұрыс көңіл бөлу кезек күттірмейтін мәселе. Оқушылар асыға күтетін жаз мезгілінде балалар үшін жазғы сауықтыру лагерьлері есігін айқара ашты. Бірақ жаз мезгілінің алғашқы айы аяқталмай жатып әлеуметтік желіде желдей ескен Түркістан облысындағы бейнежазба ата-аналарды елең еткізді. Мұндай лагерь мәселесі тек биыл ғана көтеріліп отырған жоқ. Соңғы жылдарда балалар лагерьі назардан тыс қалған сала болып отыр.

Оқу-ағарту министрлігі биылғы жазғы демалыс және сауықтыру шараларымен 1-10-сыныптарда оқитын балалардың 85,3 пайызы қамтылады. Олардың жалпы саны 2,8 миллион оқушы, соның ішінде жекелеген санаттарға кіретін 500 мыңнан астам бала бар. Республика бойынша демалыс кезінде қала сыртындағы 218 және мектеп жанындағы 10 мыңнан аса лагерь өз есігін ашады деп хабарлаған еді. Бұл тек ресми деректер. Ресми деректерге енбей қалғаны тағы бар.

Балалар лагерьі бүгінгі таңда пайда табудың негізге көзіне айналды. Жаз шықса болды интернет пен әлеуметтік желіні жаулаған түрлі лагерь жарнамалары көз тартады. Бұл лагерьлердің ұйымдастырушылары кім, оның идеясы қандай, нақты қандай бағдарламаны қамтитыны ешкімді қызықтыра бермейді. Себебі қазір лагерь ашу үшін тек Төтенше жағдайлар департаменті мен санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасынан рұқсат алу ғана жеткілікті. Сонымен қатар лагерь жұмысын бірінғай реттейтін заң нормасы мен стандарттар енгізілмеген. Мемлекеттік мекеме тарапынан нақты бақылау болмағандықтан кей ата-аналар балаларына лагерь іздеп шетел асыруға да мәжбүр болуда. Ел болашағын ойлайтын отансүйгіш ұрпақ тәрбиелеу үшін оларға барынша жағдай жасау біздің басты міндетіміз.

Ұрпақ тәрбиесінде жазғы сауықтыру лагерьлерінің маңыздылығын ескере отырып төмендегі ұсыныстарды жолдаймын.

Бірінші. Жазғы уақыттарда балалардың сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру бойынша бірыңғай талаптар мен ережелерді бекіту керек. Лагерь ұйымдастырушылар міндетті түрде мемлекеттік мекеме тарапынан лагерь мазмұны мен материалдық-техникалық базаларына сәйкес тексеруден өтіп, лицензиялануы керек. Мүмкіндік болса барлық лагерьлер жайлы ақпарат орталықтандырылған бірыңғай электронды сайтта болғаны абзал. Мысалы, «e-gov.kz» сайты.

Екінші. Лагерьлерде бүгінгі таңда маман тапшылығы қатты сезілуде. Олардың басым көпшілігінде балаларды қарауға уақытша жұмыс ретінде студенттер тартылып жатады. Өзі енді білім алып жүрген студенттер мектеп оқушыларын қалай тәрбиелейді? Сондықтан лагерьде жұмыс жасайтын мамандарға арнайы оқыту курстары ұйымдастырылып, арнайы мамандар тартылуы керек.

Үшінші. Лагерьлер арасында нақты белгіленген баға саясаты да жоқтың қасы. Әр ата-ана баласының жақсы сауықтыру орталықтарына барғанын қалайды. Әйтсе де көп ата-ананың қалтасына ауыр келетінін ескерсек, бағаға сай сапа болуы керек. Мұны тек мемлекеттік емес, жекеменшік лагерьлерден де талап етілуі керек.

Төртіншіден, «лагерь» сөзінің шығу тарихы мен тарихтағы лагерьлердің толқыны тек жаман сипатта екенін білеміз. Аты қорқынышты адам құқығын шектеген «Карлаг», «Алжир», «Освенцим» лагерьлерінің пайда болу тарихы мен мақсаты баршаға мәлім. Сондықтан ұлттық сана-сезімді жаңғыртуда лагерь атауын алмастырудың мәні зор деп білемін. Лагерь емес, балалардың жазғы демалыс орны немесе сауықтыру орталығы дегеніміз жөн болады.

Құрметпен депутат Д. Мұқаев».

ТӨРАҒА. Сөз депутат Назаров Ардақ Құттықожаұлына беріледі.

НАЗАРОВ А.Қ. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің депутаттық сауалым еліміздің Премьер-Министрі Смайылов мырзаға.

«Бүгінгі мәселені көтеруімнің себебі ауылдағы малшының жағдайы және оның мәртебесі жайлы болмақ.

Мен де ауылдың баласымын, төрт түлік малдың бәрін бақтым. Мал бағудың машақаты мен қиындығын жақсы білемін.

Қаланың қазағы кәделеп асқан етімен сыйлы қонағын күтеді. Алайда осы сый-құрметтің артында сонау ауылдағы ағайынның тынымсыз еңбегі, маңдай тері, әрі мал бағудың үлкен жауапкершілігі мол шаруа екенін сезіне бермейді.

Шаруа мен малшының жұмысы ауыр. Біздің қазақта «Балықшы желде, диқаншы жаңбырда, малшы өлгенде демалады» деген ата сөзіміз бар.

Жаздың ми қайнатар ыстығы, күздің жаңбырлы түні, бүйірден соққан асау жел, қаһарлы қыстың қырауына қарамастан малды аман сақтау оның міндеті. Осыны ескере келе малшының мәртебесін көтеру жөнінде бірнеше ұсынысым бар.

Біріншіден, малшының балаларын балабақшамен қамтамасыз ету қажет. Мектеп жасындағы балаларына жақсы білім алуына жағдай жасап, арнайы интернаттар ашылу керек.

Екіншіден, Ұлттық біріңғай тест тапсырған малшы балаларына жеңілдіктер жасалып, жоғары оқу орындарына түсуге арнайы гранттар бөлу ~~және~~ қажет.

Үшіншіден, малшының денсаулығы өте маңызды, сондықтан жылына бір мәрте малшы жанұясымен бірге тегін медициналық тексеруден өтіп және жылына бір мәрте шипажайға демалуға жолдама алуы қажет.

Төртіншіден, ауыл мен аудан орталықтарында мемлекеттік бағдарламамен салынып жатқан қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз ету қажет. Бұл жағдай малшының өзінің өңірінде тұрақтауын қамтамасыз етеді.

Бесіншіден, малшының зейнетке шығу жасын төмендетуді ұсынамын, мәселен, әскери қызметкер сияқты 25 жыл үзіліссіз мал баққан малшыны зейнетке ерте шығаруы қажет.

Алтыншыдан, бүгінгі таңда малшының еңбегі жұмыс беруші тарапынан бағаланбай жатқанын ескеретін болсақ, мемлекеттен «Еңбек» бағдарламасы арқылы белгілі пайызда қосымша жалақы төлеуді қарастыру қажет деп ойлаймын.

Жетіншіден, жыл сайын әрбір өңірден білікті әрі озат малшылар анықталып, Мемлекет басшысының қолынан «Еңбек Ері» атағын беруді ұсынамын. Біз бала кезімізден «Социалистік Еңбек Ері» иелері Жолсейіт Молдасанов, Жазылбек Қуанышбаев сынды аталарымызды біліп өстік. Өз заманында ол кісілердің қолын алып, жүздесудің өзі мәртебе болатын.

Әлихан Асханұлы, жоғарыдағы айтылған ұсыныстарға бейжай қарамай, жағдайлар жасалса, еңбектері ескерілсе, құрметтелсе, малшының мәртебесі көтеріліп, біліктігі артатын еді.

Сонымен қатар малшылар өз шаруаларында шабыт алып, малдың басы көбейеді. Малдың басы көбейсе, халықтың әл-ауқаты түзеледі, сонымен қатар кейінгі буын арасынан ата кәсіпке бет бұрушылар мен қызығушылардың саны артады». Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Бексултанов Құдайбергенге беріледі.

БЕКСУЛТАНОВ Қ. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.

Менің депутаттық сауалым Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Роман Васильевичке.

«Уважаемый Роман Васильевич! Глава государства Касым-Жомарт Кемелевич Токаев поставил задачу – обеспечить продовольственную безопасность. Одним из направлений реализации данной задачи могла бы послужить продукция, выращиваемая садоводческими обществами.

Дачные кооперативы являются некоммерческими организациями. Они не производят, не перерабатывают и не реализуют продукцию, но, являясь юридическими лицами, оплачивают налоги как юрлица, по тарифу за воду и электроэнергию оплачивают так же, как юрлица. Все эти оплаты, конечно, ложатся тяжелым бременем на плечи дачников. Основная часть дачников – пенсионеры и люди с небольшим достатком.

Действующие водоводы полностью выработали свой ресурс, линии электропередач также бесхозны и никем не обслуживаются.

Приведу пример по городу Караганде. По официальным данным отдела земельных отношений, в городе Караганде было более 50 дачных кооперативов. У них 12534 земельных участка. На сегодня, по данным этого же отдела, осталось 32 дачных общества. Только представьте себе, сколько земельных участков не используется! Земля деградирует, подвержена эрозии.

При поддержке государства дачные общества могли бы внести значительный вклад в продовольственную безопасность страны, таким образом мы бы стимулировали самоорганизацию граждан.

Семейный труд горожан на даче – это прекрасная возможность привить ребенку любовь к труду и земле. В этой связи предлагаю разработать проект комплексных мер по поддержке дачных кооперативов:

- провести полную инвентаризацию всех земельных участков в дачных массивах;

- проверить использование по целевому назначению земельных участков;

- сделать агрохимический анализ почвы;

- внести изменения в действующие законы с целью устранения противоречий между правовыми нормами, касающимися дачных кооперативов;

- рассмотреть вопрос оплаты налогов и тарифов на электроэнергию, воду для физических лиц, как сделали в свое время для кооперативов собственников;

- при рассмотрении генеральных планов городов областного значения учесть развитие и сохранение дачных кооперативов.

При решении данных вопросов можно было бы предоставить земельные участки многодетным семьям в пользование. Это как один из механизмов поддержки социально уязвимых слоев населения».

Ерлан Жақанұлы, сіз осы мәселені жақсы білесіз. Негізі біз, қазақ, «жер» дегенде елеңдейміз, атқа мініміз. Қаланың жанындағы жерлер құлдырап жатқанда неге осыны қолданбасқа, неге халықтың игілігіне бермеске?

Осы мәселені Үкімет қолдаса, халық масылдықтан арылатын еді ғой.

Мен заңға сәйкес осы мәселе бойынша Үкіметтен жазбаша жауап беруді сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Нұрымова Гүлдара Алданышқызына беріледі.

НҰРЫМОВА Г.А. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Депутаттық сауал Премьер-Министрдің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Босымбекқызына.

«Туберкулез – әлемдегі ең көне жұқпалы аурулардың бірі. Олардың ішінде ең жоғары өлім туберкулезден. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша туберкулезден 2021 жылы әлемде 10,6 миллион адам ауырып, 1,5 миллион адам қайтыс болған.

Орталық Азия туберкулездің, әсіресе дәріге төзімді түрлерінің ең жылдам өсіп келе жатқан ошағы болып табылады. Қазақстанда 2022 жылы туберкулезбен ауру 3 пайызға, жасөспірімдер арасында 7,5 пайызға өскені байқалады.

Туберкулезді әлеуметтік маңызы бар ауру ретінде емдеу тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемімен қамтамасыз етіледі. Бірақ туберкулезге қарсы ауыр препараттардың зиянынан туындаған асқынуларды емдеу аталған кепілдік көлемі аясында қарастырылмаған, ал науқастар сақтандыру жүйесі бойынша емделуге тиіс.

Осы жерде мәселе туындайды. Ұзақ емдеу кезеңінде екі жылға дейін науқастар жұмыссыз қалады және олардың көпшілігі медициналық сақтандыру жарналарын төлей алмайды. Аурудан айыққан азаматтарға одан әрі мемлекеттік қолдау көрсетілмейді.

Сонымен қатар баспанасы жоқ адамдарды туберкулезден емдеуде қиындықтар туындайды. Олар туберкулезге қарсы стационарда ем алып, оң клиникалық динамикаға жеткенде амбулаториялық негізде емдеу курсы жалғастыру керек. Бірақ тұрғылықты жері болмағандықтан қиындық туындайды.

Өңірлерде баспанасыздарды уақытша орналастыратын әлеуметтік бейімдеу орталықтары бар. Бірақ нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жұқпалы болмаса да науқастарды осы орталықтарға орналастыру мүмкін емес.

Осыған байланысты:

1) медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде туберкулезбен ауырған науқастарға амбулаторлық емдеу мүмкіндігін қамтамасыз етуі;

2) тиісті министрліктер нормативтік құқықтық актілеріне баспанасыз науқастарды әлеуметтік бейімдеу орталықтарына орналастыруға мүмкіндік беретін өзгерістер енгізуі керек.

Құрметпен «AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері Г. Нұрымова, А. Құспан, Е. Смышляева».

ТӨРАҒА. Сөз депутат Сатыбалдин Ерболат Жалғасбайұлына беріледі.

САТЫБАЛДИН Е.Ж. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.

«Құрметті Тамара Босымбекқызы! Ширек ғасырдан кейін облыс мәртебесін алған Ұлытау облысының медицина саласында түйткілге толы сұрақтары бар.

Қазіргі кезде облыс аумағында мемлекеттік нормативке сәйкес қызмет көрсететін 37 медициналық ұйым бар, мұның 16-сы ғана мемлекеттік, 21-і жекеменшік. 11 амбулаториялық емхана болса, мұның екеуі ғана мемлекеттік, қалғаны отбасылық денсаулық орталықтары. Бұларда барлығы 601 дәрігер, 2 мың 305 орта медицина қызметкері жұмыс істейді.

Ұлытау облысында дәрігерлер тапшылығы күйіп тұр, өйткені бұрынғы білікті мамандардың көпшілігі зейнет демалысында.

Облыстың денсаулық саласындағы өзекті мәселелерінің бірі учаскелік жергілікті емдеу ұйымдарын қаржыландыруға қатысты. Аталған ұйымдар тығыздық коэффициенті негізінде қаржыландырылады. Жаңа облыстың құрылуына байланысты Жезқазған қаласы бойынша тығыздық коэффициенті 2022 жылға қарағанда төмендетіліп, 1 коэффициент деп белгіленген. Соның салдарынан қаржыландыру азайған. Амбулаториялар мен

емханалардың қаржыландырылуы да қажетті деңгейден аз. Медициналық айықтырғыш, есірткіге тәуелділік, маскүнемдікке ұрынған науқастарды еркінен тыс емдеуге арналған емдеу-профилактикалық мекемесі де керек.

Ұлытау облысы экологиясы нашарлаған ірі өнеркәсіптік, тау-кен орталығы болып табылады. Сондықтан облыстық үлгідегі заманауи медициналық құрал-жабдықтармен жабдықталған, диагностика, емдеу және оңалтуда озық технологиялар қолданылатын жаңа көпфункционалды аурухана ашу қажет.

«AMANAT» партиясының фракциясы Ұлытау облысының денсаулық саласын жетілдіру үшін келесі қадамдар жасалу қажет деп есептейді:

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі тарапынан Ұлытау облысындағы халықтың сапалы медицинаға қолжетімділігі және дәрігерлер тапшылығын шешу жағдайына арнайы сараптамалық талдау жасалып, нақты іс-шаралар бекітілсін;

дәрігерлер тапшылығын шешу, медициналық техника және жоғары сапалы жабдықтармен қамтамасыз ету, ақпараттық жүйені ретке келтіру бойынша кешенді бағдарлама қабылдансын;

Жезқазған қаласында травматология, бүйрек, пульмонология, оңалту, гастроэнтерология сияқты бөлімшелері жаңадан заманауи жабдықталған көпсалалы облыстық жаңа аурухана салу мәселесі қарастырылсын;

онкологиялық қызметті жеке ғимаратқа көшіру және онкологиялық диспансер мәртебесін беру жұмыстары жеделдетілсін;

Сәтбаев қалалық ауруханасынан травматологиялық және балаларға арналған жансақтау бөлімін ашу қарастырылсын.

Құрметпен Е. Сатыбалдин».

ТӨРАҒА. Сөз депутат Танашева Гауһар Шаймерденқызына беріледі.

ТАНАШЕВА Г.Ш. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Дүйсенова Тамара Босымбекқызына арналады.

«Сапалы білім – ел дамуының негізі. Бүгін білім саласының үш мәселесіне тоқталғым келіп отыр.

Бірінші – қолжетімді білім. Халықтың әлеуметтік осал топтарындағы балалардың, атап айтқанда, көпбалалы, толық емес, сондай-ақ ерекше қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан балалардың орта техникалық кәсіптік білім мен жоғары білім алу мәселелері. Мысал ретінде Қытай елін алайық. Бұл ел кедейлікпен күресуге арналған біртұтас бағдарлама қарастырған. Бірінші ретте тегін жоғары білім беруді енгізген. Аз уақыттың ішінде кедей аймақтардан жетекші жоғары оқу орындарына түскен ауыл оқушыларының саны артқан.

Осы шараларды елімізде неге қабылдап, жүзеге асырмасқа?

Ғылым және жоғары білім министрлігінің мәліметінше білім беру гранттарының саны жыл сайын көбейіп жатыр. Және азаматтардың әлеуметтік осал топтарының ішінде квота қарастырылып жатыр. Бірақ, өкінішке қарай, 2022 – 2023 оқу жылдарына бөлінген 73

мың 61 мемлекеттік гранттың 15 мың 29 гранты игерілмей қалды. Бұл гранттарды Ұлттық бірыңғай тестілеуден төмен балл алып қалған, бірақ оқуға және жоғары білім алуға деген ынтасы бар халықтың әлеуметтік осал топтары арасында бөліп беру жолы неге қарастырылмаған? Көпбалалы отбасындағы ең болмағанда бір бала жоғары оқу орнына түсіп, жақсы білім алып, болашақта жоғары жалақы алатын жұмысқа орналасып жатса, артынан ерген бауырларына да көмектесіп, аяқтарына нық тұрар еді.

Екінші – оқу жылын ұзарту мәселесі. Оқу жылын 31 мамырға дейін ұзарту туралы шешім жұртшылық тарапынан қолдау таппай, оқу жылын 25 мамырда аяқтау туралы өтінішпен көптеген ұсыныстар түскен. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» болсақ, ұйымдастырылып жатқан петициялар, сауалнамалар, білім саласы мамандарының және ата-ана мен балалардың пікірлеріне көңіл бөліп, келесі оқу жылына осы мәселені мұқият қарастыру қажет.

Үшінші – мұғалімдердің сайлауға қатысу мәселесі. 2022 – 2023 жылдары елімізде үш ірі сайлау науқаны өтті – референдум, Президент сайлауы және Парламент Мәжілісі мен мәслихат депутаттарының сайлауы. Біздің мұғалімдер осы сайлаулардың барлығына қатысып, уақыттарын дайындыққа, сайлауды өткізуге және нәтижелерді есептеуге арнады. Қазақстанның Еңбек кодексінде, «Білім туралы» және «Педагог мәртебесі туралы» заңдарында мұғалімдердің кәсіби қызметіне қатысы жоқ жұмыстармен айналыспауы керектігі айтылған. Алдағы уақытта мұғалім мәртебесін төмендетпей, лайықты құрметті ұстаздық кәсіпті сақтап қалғымыз келсе, мұғалімдерді сайлауға тартпау мәселесін көтеруіміз керек. Ұстаздардың басты мұраты мен міндеті – балаларымызға білім беру.

Біздің ұсыныстарымыз бен сұрақтарымыз толықтай осы жоғарыда көрсетілген үш мәселеге арналады, сондықтан оған жазбаша түрде тоқталайын.

Жастарымыздың қолжетімді, сапалы білім алуы – мемлекетіміздің басты міндеті. Ата-аналар балаларын оқыту үшін несие алып қарызға батпауы керек. Білімді және сапалы ұрпақты қалыптастыру біздің қолымызда.

Құрметпен Қазақстан халық партиясы фракциясының депутаттары».

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Берденов Руслан Арысбекұлына беріледі.

БЕРДЕНОВ Р.А. Рақмет, Құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің депутаттық сауалым үлкен, бірақ қысқаша айтуға тырысайын.

Шағын және орта бизнестің жанайқайы қосымша құн салығы бойынша болады.

Менің депутаттық сауалым Премьер-Министр Әлихан Смайыловқа.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Қазақстан ұлттық статистика бюросының ресми деректері бойынша тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 2 миллион 97 мың 519 бірлікті құрады. Бұл кәсіпорындарда қазіргі таңда 4 миллионнан аса адам жұмыспен қамтамасыз етілген. 2021 жылдың қорытындысы бойынша жалпы ішкі өнімдегі шағын және орта кәсіпкерліктің үлесі 33,5 пайызды құрады.

2019 жылы ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметке шағын бизнесті 2020 жылдан бастап үш жылға табыс салығынан босатуды тапсырды. Салық кодексіне өзгерістер енгізілді, бұл микро және шағын бизнесті табыс салығын төлеуден босатты. Бірақ бұл

жылдар коронавирустық пандемияға және соған байланысты бизнестің үлкен шектеулеріне түсті.

Коронавирус аяқталып, бизнес қалпына келе бастаған кезде 2022 жылы жаңа бір тосқауыл пайда болды. Салық кодексіне түзетулер енгізілді, оған сәйкес қосымша құн салығы бойынша міндетті есепке қою үшін айналым 30 мың айлық есептік көрсеткіштен 20 мың айлық есептік көрсеткішке дейін төмендеді. 20 мың айлық есептік көрсеткіш дегеніміз, ол күніне 189 мың теңге сауда деген сөз. Ол шағын, дүкен, дәмханалар үшін өте кішкентай бір көлем.

Осы орайда әлем елдері бойынша қосымша құн салығы ставкаларын талдап қарайтын болсақ, АҚШ-та 1,5 пайыздан 5 пайызға дейін, Жапонияда 10 пайыз, Швейцарияда 8 пайыз, Тайланд, Сингапурда 7 пайыз, Малайзия, Канадада 5 пайыз, Гонконг, Катар елдерінде 0 пайыз. Әрине, әр елдің өзіндік ерекшеліктері бар, бірақ біздің елдің қосымша құн салығы деген бизнес үшін өте үлкен бір жүк.

Қазіргі жағдайда Қазақстан кәсіпкерлері нақты айналымдарды көрсететін және фискалдық чектерді шығаратын адал кәсіпкерлер қосымша құн салығы шегінен өздері байқамай асып кетті. Енді олар үлкен айыппұлдар төлеуге мәжбүр, бұл сома бойынша қосымша құн салығының өзінен көп. Атап айтқанда, қосымша құн салығы бойынша есепке қойылмаған кезеңдегі айналым сомасының 15 пайызы. Бұл өте үлкен.

Осыған байланысты біздің бірнеше ұсынысымыз бар.

Бірінші ұсыныс – салық жүктемесін азайту және процедураларды жеңілдету мақсатында шағын бизнес үшін қосымша құн салығы шегін көтеруді қайтадан қарастыру.

Екінші ұсыныс – қосымша құн салығы шегінен асып кеткені үшін айыппұлдарды алып тастауды қарастыру.

Жазаның орнына мемлекет шағын бизнеске қолдау мен кеңес беру арқылы жаңа салық міндеттемелеріне бейімделу және көшу мерзімін беру керек. Қосымша құн салығы бойынша шекті арттыру және айыппұлдардың күшін жою Қазақстанда шағын кәсіпкерлікті дамыту үшін неғұрлым қолайлы жағдайлар жасауға көмектеседі.

Құрметпен «Respublica» партиясы фракциясының депутаттары». Рақмет.

ТӨРАҒА. Осымен депутаттық сауалдар аяқталды. Мәжілістің жалпы отырысын жабық деп жариялаймын. Рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТИ
МӘЖІЛІСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ

Е. ҚОШАНОВ

МАЗМҰНЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ

ЖАЛПЫ ОТЫРЫСЫ

2023 жылғы 21 маусым

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне процестік заңнаманы жетілдіру, адвокаттық қызмет және заң көмегін көрсету, дауларды соттан тыс және сотқа дейінгі шешу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша қорытынды әзірлеу жөнінде

О подготовке заключения по проекту Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам совершенствования процессуального законодательства, адвокатской деятельности и оказания юридической помощи, внесудебного и досудебного разрешения споров»

Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің төрайымы С.В. ИМАШЕВАНЫҢ баяндамасы

Доклад председателя Комитета по законодательству и судебно-правовой реформе ИМАШЕВОЙ С.В. 1

«Жылумен жабдықтау саласындағы басқарудың, тартылған қаржы қаражатын жылу энергиясын өндіру және беру объектілерінің нысаналы пайдалануы мен инвестициялық бағдарламаларды орындауының тиімділігіне мемлекеттік аудит» атты аудиторлық іс-шараның қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасы Төрағасының есебі туралы

Об отчете Председателя Высшей аудиторской палаты Республики Казахстан по итогам аудиторского мероприятия «Государственный аудит эффективности управления в сфере теплоснабжения, целевого использования привлеченных финансовых средств и исполнения инвестиционных программ объектами производства и передачи тепловой энергии»

Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының төрайымы Н.Н. ГОДУНОВАНЫҢ баяндамасы

Доклад Председателя Высшей аудиторской палаты ГОДУНОВОЙ Н.Н. 2

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

ӘБДИЕВ Е.Т. 6

ЗАЙЫТОВ Р.Р. 7

САТҚАЛИЕВ А.М. – Қазақстан Республикасының Энергетика министрі, Министр энергетикасы Республики Казахстан 7

ХАБЫЛБЕКОВ Х.А. – Павлодар облысы әкімінің бірінші орынбасары, первый заместитель акима Павлодарской области 8

СӘТҚАЛИЕВ А.М.	8
СПАНОВ Е.М. – Қостанай облысы әкімінің орынбасары, заместитель акима Костанайской области	9
ЕРГЕШБАЕВ М.Н.	10
ЫДЫРЫСОВ А.С. – Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі, вице-министр индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан	10
СӘТҚАЛИЕВ А.М.	11
ЖҰБАНОВ Ә.О.	12
СӘТҚАЛИЕВ А.М.	12
ХАБЫЛБЕКОВ Х.А.	13
БЕЙСЕНБАЕВ Е.С.	14
РАМАЗАНОВ Е.М. – Ақмола облысы әкімінің бірінші орынбасары, первый заместитель акима Акмолинской области	15
СПАНОВ Е.М.	15
АБЛАЛИЕВ С.Ә. – Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары, заместитель акима Северо-Казахстанской области	15
БАСИН В.Б. – Қарағанды облысы әкімінің бірінші орынбасары, первый заместитель акима Карагандинской области	15
АДАМБЕКОВ Т.С.	16
ҚУАНТЫРОВ Ә.С. – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі, Министр национальной экономики Республики Казахстан.....	16
БАПИ Е.С.	17
СОЛТАМБЕКОВ Н.Қ. – Астана қаласы әкімінің орынбасары, заместитель акима города Астаны	18
ӘБІЛ Е.А.....	18
ЖАҚЫПОВ Н.Қ. – «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының басқарма төрағасы, председатель правления акционерного общества «Фонд национального благосостояния «Самрук-Казына»	19
САВЕЛЬЕВА Т.М.	19
ЫДЫРЫСОВ А.С.	19
СӘТҚАЛИЕВ А.М.	20
БЕЙСЕНҒАЛИЕВ Б.Т.	21
ҚУАНТЫРОВ Ә.С.	21
САДЫҚОВ А.А.	22
ЖАҚЫПОВ Н.Қ.	23
СМАҒҰЛОВ Б.Ә.	23
ҚУАНТЫРОВ Ә.С.	23
АЙМАҒАМБЕТОВ А.Қ.	24
СӘТҚАЛИЕВ А.М.	25
ҚУАНТЫРОВ Ә.С.	25
РАҚЫМЖАНОВ А.Н.	26
ҚУАНТЫРОВ Ә.С.	26
НҰРЫМОВА Г.А.	27
СӘТҚАЛИЕВ А.М.	27
САТЫБАЛДИН Е.Ж.	28

СӨТҚАЛИЕВ А.М.	28
ТҰРҒАНОВ Д.Н.	29
СОЛТАМБЕКОВ Н.Қ.	29
СТАМБЕКОВ Е.Д.	30
СӨТҚАЛИЕВ А.М.	31
АХМЕТОВ Р.Н. – Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі төрағасының бірінші орынбасары, первый заместитель председателя Агентства по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан	31
ҚҰСПАН А.Т.	31
СӨТҚАЛИЕВ А.М.	32
ТАКИЕВ М.Д.	32
СӨТҚАЛИЕВ А.М.	33
САБИЛЬЯНОВ Н.С.	33
СӨТҚАЛИЕВ А.М.	34
ЖАҢБЫРШИН Е.Т.	34
НАЖМЕТДИНҰЛЫ Б.	36
ҚУАНТЫРОВ Ә.С.	36

Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі М.Ж. ЖАЙЫМБЕТОВТІҢ қосымша баяндамасы

Содоклад члена Комитета по финансам и бюджету ЖАЙЫМБЕТОВА М.Ж. 37

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

ТҰРҒАНОВ Д.Н.	39
САИРОВ Е.Б.	41
ӘЛТАЙ А.Д.	42
ӘБЕНОВ М.А.	43
ЖАҢБЫРШИН Е.Т.	44

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жайылымдарды пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам использования пастбищ» (первое чтение)

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің мүшесі С.М. ДҮЙСЕМБИНОВТІҢ баяндамасы

Доклад члена Комитета по аграрным вопросам, природопользованию и развитию сельских территорий Сената Парламента Республики Казахстан ДҮЙСЕМБИНОВА С.М. 46

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

САУРЫҚОВ Е.Б.	48
БАҚҚОЖАЕВ А.А.	49

ТАМАБЕК Ә.Ғ. – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі, вице-министр сельского хозяйства Республики Казахстан	49
БАҚҚОЖАЕВ А.А.	49
ТАМАБЕК Ә.Ғ.	50
САДІБЕКОВ Ұ.....	50
ТАМАБЕК Ә.Ғ.	50
РОЖИН М.Н.	51
АЗИДУЛЛИН Ғ.А. – Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар вице-министрі, вице-министр экологии и природных ресурсов Республики Казахстан.....	51
ЗЕЙНУЛЛИН А.Т.	52
ТАМАБЕК Ә.Ғ.	52
ӘШІМЖАНОВ Ж.С.	52
ТАМАБЕК Ә.Ғ.	52
ДАЙРАБАЕВ Ж.М.	53
АЗИДУЛЛИН Ғ.А.	54
ТАМАБЕК Ә.Ғ.	54

Аграрлық мәселелер комитетінің мүшесі Н.К. ӘШІМБЕТОВТІҢ қосымша баяндамасы

Содоклад члена Комитета по аграрным вопросам АШИМБЕТОВА Н.К. 54

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

ӘЛТАЙ А.Д. 55

БАЗАРБЕК Б.Ж. 56

«Семей ядролық қауіпсіздік аймағы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О Семипалатинской зоне ядерной безопасности» (второе чтение)

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Семей ядролық қауіпсіздік аймағы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам Семипалатинской зоны ядерной безопасности» (второе чтение)

Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитетінің төрағасы Е.Т. ЖАНБЫРШИННІҢ баяндамасы

Доклад председателя Комитета по вопросам экологии и природопользованию ЖАНБЫРШИНА Е.Т. 57

Депутат А.А. БАҚҚОЖАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры Б.Н. Асылқожаевтың депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата БАҚҚОЖАЕВА А.А. к Генеральному Прокурору Республики Казахстан Асылқожаеву Б.Н. 59

Депутат Е.Д. СТАМБЕКОВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банк Төрағасы Ғ.О. Пірматовқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата СТАМБЕКОВА Е.Д. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А., Председателю Национального Банка Республики Казахстан Пирматову Г.О. 60

Депутат Е.А. БЕЙСЕНБАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Р.В. Склярға депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата БЕЙСЕНБАЕВА Е.А. к Первому заместителю Премьер-Министра Республики Казахстан Скляру Р.В. 61

Депутат А.А. САДЫҚОВТЫҢ Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры Б.Н. Асылыовқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата САДЫКОВА А.А. к Генеральному Прокурору Республики Казахстан Асылыову Б.Н. 63

Депутат М.М. МАГЕРРАМОВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата МАГЕРРАМОВА М.М. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. 64

Депутат Ә.О. ЖҰБАНОВТЫҢ Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры Б.Н. Асылыовқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата ЖУБАНОВА А.О. к Генеральному Прокурору Республики Казахстан Асылыову Б.Н. 65

Депутат Д.Т. МҰҚАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа, Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі Ғ.Б. Бейсенбаевқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата МУКАЕВА Д.Т. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А., Министру просвещения Республики Казахстан Бейсенбаеву Г.Б. 66

Депутат А.Қ. НАЗАРОВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата НАЗАРОВА А.К. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. 67

Депутат Қ. БЕКСУЛТАНОВТЫҢ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Р.В. Склярға депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата БЕКСУЛТАНОВА К. к Первому заместителю Премьер-Министра Республики Казахстан Скляру Р.В. 68

Депутат Г.А. НҰРЫМОВАНЫҢ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Т.Б. Дүйсеноваға депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата НУРЫМОВОЙ Г.А. к заместителю Премьер-Министра – Министру труда и социальной защиты населения Республики Казахстан Дуйсеновой Т.Б. 69

Депутат Е.Ж. САТЫБАЛДИННІҢ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Т.Б. Дүйсеноваға депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата САТЫБАЛДИНА Е.Ж. к заместителю Премьер-Министра – Министру труда и социальной защиты населения Республики Казахстан Дуйсеновой Т.Б. 70

Депутат Г.Ш. ТАНАШЕВАНЫҢ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Т.Б. Дүйсеноваға депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата ТАНАШЕВОЙ Г.Ш. к заместителю Премьер-Министра – Министру труда и социальной защиты населения Республики Казахстан Дуйсеновой Т.Б. 71

Депутат Р.А. БЕРДЕНОВТІҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата БЕРДЕНОВА Р.А. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. 72

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы» РМК директоры

А. ӘЛИЕВ

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы» РМК Стенографиялау қызметінің басшысы

Г. МОЛДАШЕВА